



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

МОНОПОЛИСТЕРДІҢ СОЙЫЛЫН СОҒЫП ОТЫРҒАН КІМ?



Мемлекет басшысы биылғы жолдауында реформалардың экономикалық саясаттағы нақты бағдарын атаған кезде шешуді талап ететін кезек күттірмейтін маңызды міндеттер қатарында: «Бірыңғай операторлардың қызметі нарықтық экономиканы дамытуға кері әсер етеді. Сондықтан, бұл институтты ретке келтірген жөн. Қазір жұмыс істеп тұрған операторларды бәсекелі ортаға беру қажет немесе монополист деп танып, қызметін монополияға қарсы арнаулы құқық аясында реттеу керек» деген еді.

(Соңы 3-бетте)

ПӘРМЕН

АЗАПТАУЛАРҒА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ КҮШЕЙЕДІ

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында азаптауларға байланысты қылмыстарды тергеп-тексеруде жүйелі тәсілді енгізу және осы функцияны Бас прокуратураға бекіту туралы тапсырма берді.

Қазақстан азаптауларға қатысты нөлдік төзімділік қағидатын ұстанады. Бұл бағытта көптеген жұмыстар атқарылуда. Азаптауларға байланысты қылмыстар үшін жазаны күшейтетін заң қабылданды. Енді азаптауларға жол бергендер бас бостандығынан айырудың ең ұзақ мерзімі 10 жылдан 12 жылға дейінгі жазаға кесіледі. Рақымшылық және тараптардың өкінуі мен татуласуы негізінде азаптаулар үшін қылмыстық жауаптылықтан босату жойылды. 2019 жылдан бастап Бас Прокурордың «Пенитенциарлық жүйеде азаптаулар, суицид және өзіне зиян келтіру фактілерін тергеп-тексеруді ұйымдастыру туралы» нұсқауы қолданылады, оған сәйкес прокурор оқиға орнына міндетті түрде барады.

Түзеу мекемелерінде және қылмыстық қудалау органдарында үздіксіз бейнебақылау енгізу қолға алынды. Көп жағдайда бұл қылмыстар жасырын, жабық және оқшауланған жерлерде жасалады. Сонымен қатар қылмыстық қудалау органдары осы санаттағы қылмыстық істерді тергеп-тексеру кезінде заң бұзушылықтарға жол береді. Тергеу іс-шараларын уақытылы жүргізбеу дәлелдемелердің жоғалуына және дәлелденбегендіктен істердің тоқтатылуына әкеп соғады. Жалған корпоративті ынтымақтастық шындықты анықтауға кедергі келтіреді. Әріптестер қызметкерлерін, дәлелдерді жасырады. Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін Бас прокуратура Парламентте орналасқан прокуратура органдарына азаптаулардың ай-

рықша тергеп-тексерілуін белгілеу туралы қылмыстық-процестік кодекске түзетулер жобасын дайындады. Бас прокуратура 29 қыркүйекте азаптауларды тергеп-тексеруге дайындық аясында прокуратура органдарының қызметкерлері үшін «Азаптауларға қарсы іс-қимылдың өзекті мәселелері» атты тақырыбында семинар өткізді. Семинар жұмысына адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың, Адам құқықтары жөніндегі қазақстандық халықаралық бюросының, азаптауларға қарсы коалицияның өкілдері, Құқық қорғау органдары академиясының сарапшы-психологтары мен ғалымдары қатысып, сөз сөйледі. Семинар барысында азаптауларға қарсы іс-қимылдың ұлттық және халықаралық тетіктері, Қазақстан қосылған халықаралық конвенциялар, сондай-ақ азаптауларды тергеп-тексеру кезінде туындайтын проблемалық мәселелер және оларды шешу жолдары талқыланды.

Бас прокуратураның
баспасөз қызметі

(Соңы 3-бетте)

ИССАПАР

Президент Қарағанды мен Павлодар облысын аралады

Осыдан бірнеше күн бұрын Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қарағанды және Павлодар облысына жұмыс сапарымен барды. Мемлекет басшысы өңір халқымен кездесіп, облыстардың жетістіктері мен өзекті делінген мәселелеріне тоқталды. Қарағанды облысының тұрғындарымен кездесу барысында Президент облыстағы ахуалмен танысуды мақсат еткенін, Қарағанды облысының тарихи мен ел руханиятында алатын орны ерекше екенін айтты. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы аймақтың өркендеуіне серпін беретін бірқатар басым бағыттарға тоқталды. Мемлекет басшысы аймақтағы жол мәселесіне ерекше басымдық берді. Соның ішінде Үкіметке «Қарағанды – Балқаш» және «Балқаш – Бұрылбайтал» тасжолын келесі жылы салып бітіруді тапсырды. «Қарағанды – Жезқазған» күре жолының маңыздылығын айтқан Президент «Қарағанды – Қарқаралы» тасжолын жөндеу жұмысын алдағы екі жылдың ішінде аяқтауды міндеттеді. Қарағандыдағы моноқалалардың жайы да Мемлекет басшысының назарынан тыс қалмады. Ол өндіріс ошақтарының едәуір бөлігі 5 моноқалада шоғырланғанын, облыс халқының көп бөлігінің осы қалаларды мекендейтінін, сондықтан қала халқының тұрмыс-тіршілігін ірі кәсіпорындарға тәуелді қылмай, оларға аутсорсинг қызметін көрсететін кәсіпкерлікті дамытуға, инвестиция тартуға, жаңа өнім өндіруге баса назар аудару керектігін атап өтті. Сондай-ақ, Президент Қ.Тоқаев қазіргі геосаяси ахуалға және әлемдегі экономикалық жағдайға байланысты отандық экономиканы әртараптандыру қажеттігін де жеткізді. Үкіметке «Sagat» индустриялық аймағының инфрақұрылымын қалыптастыруды 2023 жылы аяқтауды жүктеді. Мемлекет басшысы Балқаш қаласының туристік әлеуетін арттыру үшін Балқаш жағалауын дамыту жоспарын әзірлеуді, Балқашқа ұшатын ұшақ билетін субсидиялау және қосымша әуе және теміржол рейстерін ашу мүмкіндігін қарастыруды тапсырды. Өндірістік кәсіпорындары көп аймақта еңбек қауіпсіздігі де назардан тыс қалмай, жіті бақылауда болу керектігі де ел басшысының негізгі ескертулерінің бірі болды. Мәселен, тек биылғы жылы «АрселорМиттал-Теміртау» АҚ объектілерінде қаза тапқан жұмысшылар туралы бірнеше оқиға тіркелгеніне назар аудару қажет екенін ескертті. Осы тұста, ірі компаниялар өндірісті жаңғыртуға әрдайым инвестиция құю керек. Ал құзырлы органдар өндірістік апаттардың көбейгені үшін кәсіпорындардың жауапкершілігін күшейтетін жүйелі шаралар қабылдау қажеттігін жеткізді. Сүмен қамтамасыз ету және ауыл шаруашылығын дамыту мәселелері де Президент назарынан тыс қалмады. Сонымен қатар Президент Қарағанды облысының білім беру, денсаулық сақтау, спорт және мәдениет инфрақұрылымын дамыту мәселесіне де назар аударды. Сапар барысында Қарағанды облысындағы жаңа кәсіпорындарды да аралады. Автобус және коммерциялық техника өндіретін QazTehta зауытының жұмысымен танысты, тұрмыстық техника шығаратын «Silk Road Electronics» және көлік дөңгелегін шығаратын «KamaTyresKZ» зауыттарының өнімдерімен танысты. Осы іссапар аясында Қ. Тоқаев Павлодар облысына да барып, өңір жұртшылығымен кездесті. Кездесу барысында еліміздегі электр қуатының 40 пайыздан астамы өндірілетінін, мұнай-химия өнімдерінің үштен бірі, феррокорытпаларының жартысынан көбі осы өңірде шығатынын, сондай-ақ, бұл өлке өңдеу өнеркәсібінің және шикізаттық емес экспорттың көлемі бойынша алдыңғы орында тұрғанын атап өтті. Кездесуде Ертістің орасан зор маңызы да аталып, ол Үкіметке өңірдің суармалы алқаптарына бөлінетін қаржыны көбейтуді тапсырды. Павлодардың орасан зор транзиттік әлеуеті де назардан тыс қалмады. Президент Үкіметке жыл соңына дейін «Павлодар – Астана» бағытындағы тұрақты әуе қатынасын қалпына келтіруді тапсырды. Павлодарлықтармен кездесуінде Мемлекет басшысы сапалы білім, ғылыми институттар мен іргелі зерттеулерді қаржыландыру жүйесі жетілдіріліп жатқанын, осыған орай, заңдарға тиісті өзгерістер енгізілетінін айтты. Жұмыс сапары барысында Мемлекет басшысы Павлодар алюминий зауытына барды. Бұдан кейін Еуразиялық топтың басқарма төрағасы Серік Шахажанов Қасым-Жомарт Тоқаевқа ERG өнеркәсіптік кәсіпорындарының шығаратын қалдықтарын кезек-кезеңмен қысқартуды көздейтін Экологиялық стратегияның жүзеге асырылуы жөнінде айтты. Президенттің өңірлерге іс-сапары барысында әлеуметтік-экономикалық, мәдени салалардағы көп мәселенің шешімі айтылып, Үкіметке жекелеген секторларға қатысты тапсырмалар берілді.

Өз тілшіміз

МӘСЕЛЕ

КҮЙЗЕЛІСКЕ ТҮСКЕНДЕРГЕ КӨМЕКТЕСУ ПАРЫЗ

Соңғы екі жылда жер жаһанды дүрлік-тірген оқиғалар, толассыз ақпараттардың ағылуы көптеген адамдардың психикасына әсер ететінін мамандар талай айтып жатыр. Былтыр психикалық денсаулық орталықтарына 23 мыңнан астам адам психологтардың, психиатрлардың көмегіне жүгініпті. Олардың басым бөлігі коронавирусты жұқтырып аламын деп үрейленіп ұйқысынан айырылған тұрғындар, медицина қызметкерлері, жақын адамының қазасына көңілі құлазып, күйзеліске ұшыраған жандар. Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталықтың бас директоры Қуаныш Алтынбековтың айтуынша, 2020 жылдың сәуір айында жаһанды дүрліктірген пандемия, карантиндік шаралар тұсында тығырыққа тірелгендерге кенес беретін психологтар жұмылдырылып, арнайы сайт іске қосылған.

Қоғамда заң үстемдігінің берік орнығып, азаматтардың әділ төрелікке қол жеткізе алуы – құқықтық мемлекеттің бір белгісі болып табылады. Еліміз егемендік алғалы бері жүргізіліп келе жатқан сот реформасының қай қайсысын алсақ та, дәл осы бағытқа басымдық берілген.

ӘР АЗАМАТ ӘДІЛ ТӨРЕЛІККЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗЕ АЛАДЫ



Алдағы уақытта еліміздің бүкіл құқықтық-саяси жүйесі түбегейлі өзгерудің алдында тұр. Жанару жолында өзгерістердің болып тұруы қалыпты жағдай. Ел Президенті Қ.Тоқаев биылғы жолдауында әділетті мемлекет құруға басымдық берді.

Президент жолдауда мемлекеттің сот процесіне қатысуын азайту керектігін айта келе, мемлекеттік органдар арасындағы сот дауларын да ретке келтіруді тиісті құзырлы органдарға тапсырды. Сот тарапынан мемлекеттік органдар мен мемлекеттік ұйымдар арасындағы даулардың артық шығынсыз әрі тиімді шешілуіне мемлекет те мүдделі. Енді тәжірибені біріздендіру арқылы республика бойынша ұқсас істерде әртүрлі шешімдер қабылдауға тосқауыл қойылу-да.

Әкімшілік даулар және мемлекеттік органдармен арадағы азаматтық-құқықтық даулар Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекспен реттеледі. Бұл өткен жылдан бері қолданылып келе жатқан тәжірибе. Алдағы уақытта әкімшілік әділеттің қолданылу аясы кеңейтілмек.

Азаматтық іс жүргізу кодексі тараптардың теңдігі қағидатына негізделген. Сондықтан да бұрын азаматтық даулардың 85 пайызы мемлекеттік органдардың пайдасына шешілетін. Өткен жылы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс (ӘРПК) қабылданып, қолданысқа енді. Елімізде мамандандырылған әкімшілік соттар құрылды. Онда қарапайым азаматтар, бизнес өкілдері мен мемлекеттік органдар арасындағы даулар қаралады. ӘРПК бойынша тараптардың теңдігі жоқ. Мұнда мемлекеттік органдарға қа-

рағанда, қарапайым азаматтарға басымдық беріледі. Нәтижесінде республика соттарында бір жыл ішінде қаралған әкімшілік істердің 60 пайызы қарапайым азаматтардың пайдасына шешілген. Сонымен бірге сотқа келмеген, шақыруға уақытында жауап бермеген, басқа да талаптарды бұзған мемлекеттік органдарға сот айыппұл салуда.

Сот жүйесін реформалау жөніндегі қосымша нақты қадамдар әлі де талқылануда. Сот төрелігі сапасын одан әрі жоғары деңгейге көтеретін тетіктер де іске қосыла береді.

Жоғарғы Сот тарапынан жүргізіліп жатқан іргелі істер мен қабылданған жаңа заңдар нәтижесінде соңғы жылдарда судьялыққа кәсіби деңгейі жоғары мамандар қатан іріктеуден өтіп қабылдануда. 2019 жылға дейін сот талқылауын қажет етпейтін істердің сотта көп қаралғаны сондай, олар судьялардың жүктемесін шектен тыс көбейтіп жіберген, сондықтан дауы жоқ істердің бірқатары соттардың өндірісінен алынып, тиісті құзырлы органдарға берілді. Ал, татуласумен шешуге болатын істерге медиациялық келісімге келуге уақыт берілетін болды. Сонымен бірге, соңғы кезде барлық соттарда цифрландыру процесі қарқынды жүргізіліп, сотқа келушілерге уақыт пен қаражат үнемділігі жағынан қолайлы жағдай жасалғанын да атап айтуға болады. Соттарда күрделі істерді сапалы қарауға, жұмыстың тиімділігін арттыруға мүмкіндік артты. Бұл мүмкіндіктің тағы бірі кеше ғана қосылған жаңа жоба, яғни, азаматтық және әкімшілік істерде қарайтын аумақаралық соттылықтың енгізілуі. Енді арыздар кездейсоқ таңдау арқылы елдегі барлық соттардың арасында судьяның мамандануына қарай бөлінеді.

Бұл жаңашылдық пен талаптардың бәрі де сот жүйесінің одан әрі даму ауқымын кеңейте түспек. Бүгінде Қазақстанда толыққанды сот жүйесі құрылғанын, құқықтық мемлекет талаптарына жауап бере алатынын айтуға болады. Отандық сот жүйесі халықаралық стандарттарға сай дамып келеді.

М.ӘУБӘКІРОВ,
Маңғыстау облыстық сотының
судьясы.

БАҚ-ПЕН БАЙЛАНЫС АРТТЫ

Ақпараттық соғыс кезеңінде БАҚ қоғамдық пікірді қағиптастыруға әсер ететін ең мықты арналардың бірі. Журналистермен тиімді қарым-қатынас құру кез келген мекеменің ақпараттық белсенділігінің кепілі.

Баспасөзбен қарым-қатынас кез келген ұйым үшін қай кезде де маңызды бағыттарының бірі болып қала береді. Сот саласы да БАҚ-пен жұмысты жыл сайын нығайтып, әріптестік байланысты күшейтуде.

Бүгінгі таңда сот органдарының интернет-ресурсы жұмыс істейді, онда күн сайын соттардың жұмысы туралы ең өзекті ақпарат орналастырылады. Сонымен қатар, танымал әлеуметтік желілерде сот органдарының қызметі туралы жаңалықтар мен бейнематериалдар үнемі жарияланып тұрады. Азаматтардың сот ақпаратына қолжетімділігін кеңейту мақсатында Жоғарғы Сот «Сот кабинетерін» енгізді.

Қазіргі уақытта сот органдары мен БАҚ-тың өзара іс-қимылының негізгі қағидаттары мыналар болып табылады: соттардың қызметі туралы ақпараттың жариялылығы, ашықтығы және қолжетімділігі; азаматтардың жеке өміріне қол сұқпаушылық, олардың ар-намысы мен абыройын, сондай-ақ іскерлік беделін қорғау құқықтарын сақтау; нақты сот ісі туралы бұқаралық ақпарат құралдарына ұсыну кезінде сот процесіне қатысушылардың құқықтары мен заңды

мүдделерін сақтау; қолданыстағы заңнамаға қайшы келмейтін тәсілмен соттардың қызметі туралы ақпаратты іздеу, алу, беру және тарату еркіндігін қамтамасыз ету.

Осындай тығыз әріптестік байланыстан күтілетін нәтиже көп. Солардың бір парасы төмендегідей: соттардың қызметі туралы халықтың тиісінше хабардар болуын қамтамасыз ету, сот тәртібімен азаматтардың өз құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі белсенділігін арттыру; БАҚ-тағы сот жүйесінің жұмысын насихаттау сапасын арттыру; бұқаралық ақпарат құралдарының мәселелеріне барабар ден қоюды ескере отырып, сот жүйесі мен жұртшылықтың тиімді диалогын жақсарту; сот қызметі туралы объективті және шынайы ақпаратты кеңінен тарату үшін заманауи ақпараттық-коммуникативтік технологияларды тиімді пайдалану.

Ж.КӘРІМБАЕВ,
Шахтинск қаласының
әкімшілік құқық бұзушылықтар
жөніндегі мамандандырылған
сотының судьясы
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

КӨШБАСШЫ ӘЙЕЛДЕР КӨПКЕ ҮЛГІ



Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында «Отбасын сақтау орталығының» үйлестірушісі Бибігүл Маратқызының қатысуымен әйелдердің көшбасшылық қабілетін дамытуға арналған «Әйел тек ана, ерінің жары

ғана емес, ол барлық жақсылық атаулының – жарысы» тақырыбында тренинг өтті.

Шара үйлестірушісі мемлекет гендерлік теңдік, отбасы саясатына көңіл бөліп, елдегі қыз-келіншектердің жағдайын жақсартуға әрдайым баса

назар аударып отырғанын атап өтті. Жиналғандар біздің қоғамдағы қыз-келіншектердің рөліне, оның ішінде отбасымен қатар сырттағы жұмысты қатар алып жүрген әйелдердің өмірде кездесетін түрлі қиындықтары мен кедергілеріне тоқталды. Сонымен қатар, әрбір әйел адам жұмыс барысында белсенділік танытып қана қоймай, басшылық қызметке де бейімделу қажеттілігін тілге тиек етті.

Шара соңында психолог тақырыпқа сәйкес әртүрлі әдістерді пайдалана отырып, психологиялық тесттер өткізді.

Судьялар мен мамандар өткізілген іс-шара үшін ризашылықтарын білдірді.

Ақтөбе облыстық
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік соты

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ – АШЫҚ МЕМЛЕКЕТ ҰСТАНЫМЫ

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 1 қыркүйекте «Жаңа Қазақстан мұраты: бірлік, теңдік, әділдік» атты жолдауы Қазақстан жұртшылығына жол тартқан болатын.

Бұл құжатта Президент қарапайым халықтың тұрмыс жағдайын жақсартуға бағытталған түйінді мәселелерді көтеріп, атқарылуға тиіс бірқатар маңызды міндеттерді айқындап берді. Жолдауда мемлекеттік басқарудың жаңа моделі туралы, жаңа жағдайдағы экономикалық даму, теңгерімді аумақтық даму, азаматтардың әлеуметтік әл-ауқаты, білім беру саласы, дансаулық сақтау жүйесін дамыту, экология және биоәртүрлілікті қорғау, қылмыстық саланы жаңғырту, адам, азаматтардың үкіметпен өзара іс-қимылы сияқты бірқатар басым міндеттер қамтылған. Одан түйгеніміз – жалпыұлттық референдумда тұғырын бекіткен саяси жаңғыру енді шын мәніндегі экономикалық өзгерістерге ұласпақ. Бұл ретте «азамат – бизнес – мемлекет»

үніне құлақ асатын мемлекет» – бұл, шын мәнісінде, «Әділетті мемлекет» құру тұжырымдамасы. Азаматтардың мәселелерін тыңдап, көріп қана қою жеткіліксіз. Ең бастысы – дұрыс және әділ шешім қабылдау .

Әділ мемлекет ұғымы – бұл заңның үстемдігі. Оның үстіне, баршаның заң алдындағы теңдігі – әділетті мемлекеттің қажетті шарты. «Әділетті мемлекет» – мұнда негізгі мақсат сот төрелігі қағидаттарын сақтау, бірінші кезекте, адамды және азаматты, халықты қорғау мақсатында сот істерінің әділ және заңды шешілуін қамтамасыз ету болып табылатын мемлекет. «Әділ мемлекет» заңның үстемдігін қамтамасыз етеді» – деді. Расында, құқықтық мемлекеттің бірден бір көрінісі – жеке тұлға мен қоғам мүддесін қорғайтын, заң үстемдігі мен құқық принциптеріне негізделген мемлекет.

Аталған жолдаудағы ба-

сымдықтарға зер салып, оны іс жүзінде орындасақ, онда еліміздің таяу жылдарда еңсесін тіктеп, алға қарай қарышты дамуының жаңа кезеңі басталарын аңғаруға болады. Жолдауда негізге алынып отырғаны – халықтың әл-ауқатын арттыру, тұрмыс сапасын жақсарту.Сондықтан, оны елдің игілігіне бағытталған тарихи құжат деп айтуымызға толықтай негіз бар. Бұл тұрғыда, әрбір сот қызметкері өз ісімізге жауапкершілікпен, ынтамен қарап, қызметімізді тыңғылықты атқарсақ, мемлекет дамуына қосқан үлесіміз болары анық. Сонда ғана біз, жаңа жағдайдағы Қазақстанның, жаңа деңгейдегі даму кезеңіне кадам басамыз.

Д.ХАМИЕВ,
Ақтөбе қаласы
әкімшілік құқық
бұзушылықтар жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының
судьясы



МІНСІЗ ҚЫЗМЕТ ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ЖОЛЫН КЕСЕДІ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департамент басшысының міндетін уақытша атқарушы Бауыржан Дәулетиярұлы мен департаменттің тергеу басқармасының аса маңызды істер жөніндегі тергеушісі Алуа Кәкімтайқызы Қызылорда облысы бойынша ҚАЖ департаментінің қызметкерлерімен кездесті.

Кездесу жиынын департамент бастығы әділет подполковнигі Шаймерден Тәжікұлұлы ашты. Ол өз сөзінде ҚАЖ қызметкерлері арасында құқық бұзушылықты болдырмау, сотталғандармен заңсыз әрекеттерге бармау және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын қолдану бойынша жұмыстардың атқарылып жатқандығын айтып өтті. Антына адал қызметкерлердің міндеттеріне жауапкершілікпен қарап, арнайы контингентпен жұмыс жасау барысында Қазақстан заңдарында көрсетілген талаптарды орындап, мінсіз қызмет атқарып

жүргендіктерін тілге тиек етті. Одан соң, Бауыржан Дәулетиярұлы: Қазіргі қоғамның біршама мүшелерінің ойы материалдық пайда табу, өзінің әл-аухатын жақсарту. Сондықтан, біріншіден адамның сана-сезімін, мінез-құлқын өзгерту керек, яғни сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік ахуалын қалыптастыру және алдын алу шараларын күшейту қажет. Қылмыс үшін жауапкершілік өте ауыр, талап жоғары. Бүгінгі күнге қойылып отырған талаптарға сәйкес, сыбайлас жемқорлық сипатында қылмыс жасаған қызметкердің бас-

әділет подполковнигі С.Шетенев баяндама оқыды. Ол өз баяндамасында ҚАЖ департаменті қызмет салаларының жұмысын жақсарту мақсатында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінен келген нұсқаулар мен ұсыныстардың жеке құрам арасында зерделеніп, пысықталатындығын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы төзбеушілікті қалыптастыру бойынша әр түрлі іс-шаралардың өтіп тұратындығын баяндады. Кездесу соңында жеке құрамның назарына Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті тарапынан дайындап әкелінген бейнеролик ұсынылды.

Дана ДОСТАНОВА,
Қызылорда облысы бойынша
ҚАЖД мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік соты

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

МОНОПОЛИСТЕРДІҢ
СОЙЫЛЫН СОҒЫП ОТЫРҒАН КІМ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Алайда арада бір айдан астам уақыт өтсе де «Аудиторлық қызмет туралы» заңға 2021 жылы 6 шілдеде күшіне енген түзетулерге қатысты Үкімет тарапынан да, заңдағы өзгерістің бірден бір бастамашысы болып табылатын Қаржы министрлігі тарапынан да еш мәлімдеме жасалған жоқ. Ал бұл дауға түрткі болып отырған жаңадан құрылған аудиторлық қызмет жөніндегі кәсіби кеңес (АҚЖКК) болып отыр.

Бұған дейін ол кәсіби аудиторлық қоғамдастығына қатысушылар тарапынан сынға ұшыраған болатын. Бұл Қазақстанның кәсіби бухгалтерлер қауымдастығы АҚЖ-КК қызметінің Кәсіпкерлік кодексіне ғана емес Конституцияның 26-бабына да қайшы екенін жариялады.

– Кәсіби бухгалтерлерді сертификаттаудың ұлттық жүйесі 15 жылдан астам уақыттан бері жұмыс жасап келді. Бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау ұйымдары оған зияткерлік және материалдық шығындарын жұмсады. Енді Қаржы министрлігі өз саясатын өзгертуде. Жаңа түзету бойынша бухгалтерлерді сертификаттаумен айналысатын 20-дан астам ұйымды және 15 шақты бухгалтерлердің кәсіби ұйымдарын жоймақ. 25 жыл бұрын Қаржы министрлігі бір ғана емтихан өткізу арқылы монополиялық түрде аудиторларды шығарған еді. Енді олар қайтадан сол кезеңге оралғысы келетін сияқты. Қазақстан заңнамасына бейімделместен ЮСАИД материалдары бойынша бірнеше емтихан өткізіп, Аудиторлар палатасы бастамасы арқылы өз сертификаттарын берген. Ал Ұлттық сертификаттау жүйесімен осы уақытқа дейін 15 мың кәсіби бухгалтер шығарылды. Қаржылық есептілік депозитарий қоғамдық қызығушылығы бар ұйымдардың қаржылық есебіне егер кәсіби бухгалтерлік сертификаты жоқ тұлға қол қойған болса қабылдамайды. Жұмыс берушілер де өз қызметкерлерін оқытуға, сертификациялауға, кәсіби біліктілігін көтеруге мүдделі. Жұмысқа қабылдаған кезде кәсіби бухгалтерлік сертификатының болуына қарайды және оған басымдық береді, – дейді «First» БКҰ директоры Шолпан Бертисбаева.

Оның айтуынша, Қазақстанда қазіргі таңда 1,5 млн кәсіпорын бар. Оның үштен бірі заңды тұлға ретінде тіркелген. Олар кәсіби бухгалтерлерді талап етеді. Бағдарлама бітті деуге болмайды. Бар болғаны 15 мың ғана кәсіби бухгалтер шығарылды. Енді ШОБ субъектілерін жабу, жою нарығын Қаржы министрлігі өз қолына алуға ұмтылуда. Бір ай бұрын ғана министрлік қаржылық есептілік аудитінің қорытындысы бойынша теріс аудиторлық есептердің көрсеткіші 1% құрайтынын жариялады. Бұл кәсіби бухгалтерлердің сертификаттау жүйесінің жұмыс

сапасының көрсеткіші болып табылады. Кәсіби бухгалтерді сертификаттаудың жаңа модулінің қолданысқа енгеніне жарты жыл өтпей жатып, оны жойып мемлекеттік бірінғай оператордың қолына беру Кәсіпкерлік кодексінің адал бәсекелестік қағидаттарына ғана емес, тұтынушылар құқы туралы заңға да қайшы.

«Кәсіби бахгалтерлер альянсы» БКҰ жетекшісі Жанар Ожанованың сөзіне қарағанда еліміздегі 25 бухгалтерлерді сертификаттау ұйымдары арасында бәсекелестік бар. Олар ҚР бухгалтерлік есеп және есептілікке қатысты заңнамасына сай жұмыс жасайды және уәкілетті органға, яғни, Қаржы министрлігіне өз әрекетінің барлық бағыты бойынша жүйелі есеп беруге міндетті. Демек, бұл ұйымдардың әрекеті мемлекет тарапынан толығымен реттелуде, бақылаусыз емес. Нақты айтар болсақ Қаржы министрлігінің Ішкі және мемлекеттік аудит комитеті тарапынан бақылау жүргізіледі. Комитет құзыретінде аккредитацияны қайтарып алуға дейінгі мүмкіншілігі бар әкімшілік санкциялар бар. Бұл бірінші. Екіншіден, бухгалтердің білімін бақылау және бағалау комитет өкілдерінің қатысуынсыз өтпейді. Бүгінгі таңда Қаржы министрлігі 100 мыңнан асатын кәсіби бухгалтерлер нарығы мен кәсіби бухгалтерлерді сертификаттау жөніндегі 25-ке жуық ерекше кәсіпкерлік субъектілерінің барлығын монополиялап бір операторға тәуелді етпекші. Оператор ретінде 2021 жылы құрылған АҚЖКК-ті таңдап, оның құзыретін кеңейтпекші. АҚЖКК болса өзінің тікелей мақсат-міндетін орындай алмай, соңғы 12 айдың ішінде бірде-бір Қазақстан аудиторына кандидатты аттестациядан өткізіп, куәлік бермеген. Сондай жасанды ұйым толыққанды жұмыс жасап еліміздің экономикасы мен есеп саласындағы халықаралық қаржылық стандарттарды қолдану үрдісін жетілдіріп отырған кәсіби бухгалтерлерді сертификаттау үрдісін тұншықтырмасына кепіл жоқ.

«Сертификатталған бухгалтерлер мен салық консультанттарының ұлттық палатасы» БКҰ лекторы, аудитор, салық консультанты Лейла Нұрахметованың пайымдауынша, түзетулер қабылданса, бухгалтерлік мамандыққа қол жеткізу шектеліп, бақылау институты ретінде бухгалтерлік қызметтің тәуелсіздігінің беделі жойылады. Сертификаттау жөніндегі функцияларды бірінғай монополист операторға баламасыз берген жағдайда бухгалтерлерді сертификаттау құны едәуір өседі және бухгалтерлер мен ЖОО түлектерінің көпшілігі үшін қолжетімсіз болады.

– Қаржы министрлігінің бухгалтерлерді аттестаттау нарығын монополиялау әрекетінің кесірінен мыңнан аса адам жұмыссыз қалмақ. Сондықтан бұл өзі жеке адамдар мен АҚЖКК құрылтайшыларының

мүдделері үшін жасалып жатқан жоқ па? Мемлекеттік монополия субъектісінің баламасы болып табылатын АҚЖКК жосықсыз бәсекелестіктің көрінісі. Яғни, Кәсіпкерлік кодексінің қағидаларын бұзуға, бәсекелестікті мемлекеттік тұрғыдан реттеу мақсаттарын бұзуға және Қазақстанның жосықсыз бәсекелестікке тыйым салынғаны туралы айтылған ҚР Конституциясының 26-бабын бұзуға бағытталғаны айдан анық. Министрлік өкілдерінің пікірінше, сертификаттау қызметін бір операторға тәуелді ету бухгалтерлерді аттестаттау жүйесінің сапасын арттыру қызметін көздейді мыс. Ал бұл салада 15 жылдай қызмет жасап жүрген мамандардың ойынша біліктілікті бағалауды бір қолға тапсыру сыбайлас жемқорлыққа апаратын жол. Бір ескеретін жәйт АҚЖКК құрамында Қаржы министрлігінің лауазымды тұлғалары, тіпті, зейнеттегі бұрынғы қызметкерлер кіреді. Демек кеңес мүшелері мен қаржы министрлігінің лауазымды тұлғалары арасындағы тікелей байланыстың нәтижесінде сыбайлас жемқорлық, алаяқтық фактілері, билікті немесе лауазымды өкілеттіктерін асыра пайдалану, пара алу сияқты әрекеттер тууына жағдай жасалатынына еш күмәніміз жоқ. Біз Қазақстанның кәсіби бухгалтерлік қоғамдастығы бухгалтерлік сертификаттау және бухгалтерлік қызмет мамандығын бақылау жөніндегі бірінғай оператор құру бойынша жеке тұлғалардың, лоббистердің мүдесі үшін емес, тек бухгалтерлердің мүдесі үшін қызмет жасауымыз қажет. Қазақстанның кәсіби бухгалтерлер қауымдастығы кәсіби бухгалтерлерді сертификаттауды мемлекеттік оператор АҚЖКК беруге үзілді-кесілді қарсы», – деп отыр Ж. Ожанова.

Құрылғанына бір жылдан астам уақыт өтсе де аудиторлық ұйымдардың келіспеуі, сондай-ақ, оның қызметінің әртүрлі бірінғай операторларды жоюға бағытталған мемлекеттің саясатына сәйкес келмеуі себебінен АҚЖКК өз жұмысын әлі бастаған жоқ. Аудиторлық ұйымдардың ғана емес бухгалтерлік есеп және аудит саласындағы кәсіпқойлардың пікірі бойынша АҚЖКК-нің болуы мемлекеттік қызметті бәсекелестік ортаға беру жөніндегі мемлекеттің міндеттеріне қайшы келеді. Сарапшылардың сөзіне қарағанда, Қаржы министрлігінің «Аудиторлық қызмет туралы» заңға енгізген түзетулері пандемия кезінде ұсынылып, қабылданғандықтан оны талқылауға мүдделі тараптардың бәрі бірдей қатыса алмады. Бұл жағдай енді Мемлекет басшысының экономикалық саладағы реформаларының белсенді түрде жүргізілуіне кері әсерін тигізгелі отыр.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

АЙМАҚ

МАҢҒЫСТАУЛЫҚ ЖЕҢІМПАЗДАР
МАРАПАТТАЛДЫ

Маңғыстаулықтар Каспий теңізі жағасында «Ұлы дала жорығы» республикалық бәйгесінің жеңімпазы «Көкмойнақ» командасын сән-салтанатпен күтіп алды. Облыс әкімі Нұрлан Ноғаев 1200 шақырым бәйгеде бірінші болып келген шабандоздарға алғыс хат табыстап, жылқы мінізді. Шаңшасына шаң жұқтырмаған жүйректерге, оларды баптап отыған азаматтарға осындай құрмет көрсетілді.

Еліміздің барлық облысынан келген 19 команда сынға түскен жараыста Түркістанға дейінгі жазық дала, Бетпақ шөлі, өзен-көл сияқты табиғи кедергілерлерден жүріп өту шарты белгіленді. Ауа райына шыдас бермеген жылқылар жорықтарын тоқтатып, жарыс жолынан шығып отырды.

««Көкмойнақ» командасы жолдың қиындығына қарамастан өздерінің және мініп келе жатқан Адайдың қолтума жылқыларының мықтылығын көрсеттіңіздер. Бұл жеңіс – өлкеміз үшін үлкен мақтаныш. Маңғыстаулықтардың атынан сіздерге алғысымды білдіремін! Жеңісті күндердің куәсі болайық!» – деді облыс әкімі Нұрлан Ноғаев.

Салтанатты шарада облыс әкімі Адай жылқысы тұқымына ғылыми-зерттеу жүргізу үшін ауылшаруашылығы министрлігімен қажетті жұмыстардың жүріп жатқанын айтып өтті. Жеңіске жеткен команданың құрамында Маңғыстау ауданының шабандоздары да бар. Аудан халқы жеңімпаздарын зор қошметпен қарсы алды.

«Бұл алғаш рет өткен марафон-бәйгенің барлық кезеңін енсерген команда Түркістан қаласына рекордтық қысқа мерзімде жетіп, «Ұлы дала сарбазы» атағын иеленеді. Сөйтіп 24 млн теңге көлеміндегі бас жүлдені қанжығасына байлады. Ал екінші, үшінші орындарды иеленген командалар 20 және 15 млн теңге көлеміндегі сыйақыны алды. Бұл біздің өңір үшін тарихи жаңалық болып мәңгілік есте қа-



лады. Біз сіздермен мақтанамыз», - деді аудан әкімінің орынбасары Ерболат Махмұтов.

«Ұлы дала жорығы» – еліміздің 6 аймағын Астана, Ақмола, Қарағанды, Ұлытау, Қызылорда. Түркістан облыстарын басып өткен тұңғыш жалпыреспубликалық ат марафоны болды. 12 күндік аламан жарыстың жеңімпазы Маңғыстаулық «Көкмойнақ» командасы жеңіс тұғырына көтерілді. Бәйгеге қатысушылар күніне 100 шақырыммен 1200 км қашықтықты енсеріп, ең алғаш мәре сызығынан Маңғыстау облысының шабандоздары өтті. Ал екінші Жамбыл облысының жылқылары келді. Бәйге қатысушылары қасиетті Түркістанға ат басын тіреген болатын. Осылайша шабандоздар ұлан-ғайыр атырапты айлап, апталап атпен жүріп өткен бабалар жорығын қайта жаңғыртты. Қазір облыста ұлттық спорттың 8 түрімен 322 спортшы шұғылданады. Оның ішінде ат спортымен 151 адам жаттығады. Олардың ішінде республикалық және халықаралық жарыстарда 62 шабандоз өңір намысын қорғап жүр.

«Ұлы дала жорығы» – бұл әлемдік тәжірибеде теңдесі жоқ жалпы республикалық ат спорты марафоны. Бұл – қазақ халқының салт-дәстүрін жаңғыртатын, рухын оятаын, еліміздің тарихын зерделеп, жаңа туристік маршруттар қалыптастыратын тың жоба. Бұлбәйгеқазақхалқының «брендіне» айналарсызсізсіз.

Жазира ҚУАНЫШБЕКҚЫЗЫ

ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫ

Қасым-Жомарт Тоқаевты қолдау жөніндегі халықтық коалиция құрылады. Бұл туралы AMANAT партиясының төрағасы – ҚР Парламенті Мәжілісінің спикері Ерлан Қошанов мәлімдеді.

ТОҚАЕВТЫ ҚОЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ
ХАЛЫҚТЫҚ КОАЛИЦИЯ ҚҰРЫЛАДЫ

«Өздеріңізге белгілі, бізден басқа да бірқатар партиялар мен саяси бірлестіктер президенттікке Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың кандидатурасын ұсынып отыр. Осы орайда біз сол саяси ұйымдармен бірлесіп, Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевты қолдау жөніндегі халықтық коалиция құру жөнінде келісімге келдік», – деді ол AMANAT партиясының кезек-

тен тыс XXIV съезінде. «Жалпы, бүгінгі съезді тарихи деп айтуға толық негіз бар. Біз партияның жаңа саяси тұғырнамасын қабылдадық. Тұғырнаманың басты қағидасы – Адам, Қоғам және Мемлекет. Ондағы принципті Президентіміздің саяси реформаларымен үндес әрі сабақтас», – деді Қошанов тағы бір сөзінде.

Өз тілшіміз

МӘСЕЛЕ

КҮЙЗЕЛІСКЕ
ТҮСКЕНДЕРГЕ
КӨМЕКТЕСУ
ПАРЫЗ

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Пандемия басталғанда адамдар не істеу керектігін білмей абдырап қалды. Біз, психиатр дәрігерлер де қалай көмек береміз деп тығырықтан шығатын жол іздедік. Өздеріңіз білесіздер, барлық нысандар карантинге жабылды. Шектеулер қатан. Біз сол кезде психологиялық кеңес беретін сайт жұмысын ұйымдастырдық. Отандастарымыз және бірнеше мемлекеттен хабарласып, 400-ден астам адам тегін психологиялық көмек алды, 156 адам жазбаша түрде сауалына жауап алды. Егер динамикалық бақылаудың көрсеткішіне сүйенсек, психикалық денсаулығына шағымданып, тіркеуге алынған адамдар саны айтарлықтай өзгерген жоқ. Дегенмен, тұрғындар арасында мазасыздық пен күйзеліс діңкелеткен оқиғалардың көбейгені анық, – дейді орталық директоры.

Республикалық орталықтың бас директоры Қуаныш Алтынбековтың айтуынша, психикалық денсаулықтың бұзылуынан пайда болатын аурулардың 250-ден астам түрі бар. Психикалық денсаулықтың бұзылуын мамандар эндогенді, экзогенді деп екі топқа бөледі. Алғашқы сырықаттың түріне сыртқы факторлардың ешқандай қатысы жоқ дейді еліміздің бас психиатры. Бұл топқа енген науқастар тұқым қуалайтын психикалық ауруларға шалдыққандар. Ал сыртқы факторлардың ықпалынан пайда болатын кесел экзогенді деп аталады. Қоғамдағы, әлемдегі және жеке өміріндегі мәселелер, жарақат алу салдарынан, негативті жәйттердің әсерінен пайда болады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше жер шарында әрбір сегізінші тұрғын, жалпы 970 миллион адамның психикалық денсаулығы сыр беріпті. Солардың арасында мазасыздық күйі, күйзеліс кең етек алып барады деп дабыл қағады халықаралық ұйымның өкілдері. Ал бұл кеселден шипа іздегендердің саны 2020 жылы 28% көбейген. Психикалық аурулардың алдын алуға, емдеуге медицина қауымының мүмкіндігі бар. Дәрілер де бар. Өкінішке қарай жан-дүниесін жегідей жүйе күйзеліске немесе дегбірі қашқан кезде психологтарға баруға тұрғындар намыстанады. Сондықтан көбінесе науқастар ауру асқынған кезде психикалық емдеу орталықтарының есігін қағады.

Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталықтың психиатр дәрігері Гүлбахрам Саятованың айтуынша, бытыр және биыл емделушілерді ұйқысыздық, үреймен алысу, қорқыныштан дегбірі қашып, күйзеліс дерті мазалаған.

– Алматылық келіншек үрей, мазасыздық, дегбірісздік мазалайды, паникалық дүрбелең күйде, көңілім құлазып, қозғалуға, жұмыс істеуге зауқым жоқ, тамаққа тәбетім жоғалып кетті деп уәжін айтып, орталыққа келді. Бойын билеген үрейден науқас үйден шығуға қорқады. Кейде тұншығып, ауа жетпейтін кездері де көп екен. Мұндай жағдайда шарасыз болса да, тұрғындар психологтың көмегіне жүгінуге асықпайды. Көбінесе мұндай пациенттерді туыскандары әкеледі. Бірақ әлгі әйелдің өзі психологиялық кеңес сұрап келді. Медициналық және психотерапиялық емдеу шараларын тағайындап, науқас мазасыз күйден құтылды. Дәл осындай психологиялық және мінез-құлқындағы өзгерістерге дауа іздеген тұрғындарға біздің орталықтың тәжірибелі мамандары көмек көрсетуге әрқашан дайын.

Республикалық психикалық орталықта емделушілерге психиатрия, психология саласының білікті мамандары, профессорлар, невропатолог және терапевт дәрігерлер адамның жан-дүниесін мазалаған дерттен айықтыру үшін сапалы медициналық көмек көрсетеді. Бұған қоса мамандар миға психоэмоционалды салмақ түсіруден аулақ болуға шақырады. Әлеуметтік желілерге тәуелді болмау, негативті ақпараттарды оқуды азайтуға, спортпен шұғылданып, табиғат аясында серуендеуге, жеті-сегіз сағат ұйықтауға кеңес береді.

Жазира БЕҒАЛЫ,
журналист

Жеке немесе заңды тұлғаға қылмыстық құқықбұзушылықпен келтірілген мүліктік немесе мүліктік емес шығындарды өтеу екі тәртіппен жүзеге асырылады: азаматтық тәртіпте және қылмыстық процесте азаматтық талап қою арқылы.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕ АЗАМАТТЫҚ ТАЛАП ҚОЮ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Азаматтық талап қоюдың қылмыстық тәртіпте бірге қаралуының басты негізі, қоғамға қауіпті әрекеттің қылмыстық заңнамада көрініс тапқан және жауаптылық көзделген қылмыстық құқық бұзушылық болып табылуы тиіс. Себебі, азаматтың пікірінше құқыққа қайшы әрекет қоғамға қауіпті әрекет болып саналғанымен, ол заңнамамен көзделген қылмыстық құқық бұзушылық (қылмыс, қылмыстық теріс қылық) болып табылмаса, талап қою азаматтық тәртіппен қаралуға жатады.

Азаматтық талапты қылмыстық іспен бірге қарау, қылмыстық құқық бұзушылықпен өздеріне моральдық, күш қолдану арқылы немесе мүліктік зиян келтірілген адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін дер кезінде қорғаудың кепілі.

Қылмыстық процестегі азаматтық талап қою Қылмыстық-процестік кодекстің 20-тарауымен реттеледі.

Қылмыстық іс жүргізуде азаматтық талапты бірге қарау тиімді. Себебі, біріншіден, уақыт тұрғысынан тиімді. Бір сот өндірісінде бірге шешіледі (сот үкімін күтіп, кейін азаматтық тәртіпке жүгіну ұзақ уақыт алады). Екіншіден, күдікті адамның анықталуына немесе анықталмауына қарамастан қылмыстық істе азаматтық талап қойылады, яғни, күдіктінің анықталмауы кедергі болмайды. Үшіншіден, кінәлі әрекетін дәлелдеуден босатылады. ҚПК-нің 113-бабына сәйкес, азаматтық талап бойынша дәлелдеу әрбір қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде дәлелденуге тиісті мән-жайлардың қатарына жатады. Дәлелдеу кезінде: азаматтық талаптың негіздері; қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген зиянның түрі, сипаты, мөлшері мен көлемі; зиянның кімге келтірілгені және кімнің азаматтық талапкер болатыны; келтірілген зиян үшін кімнің жауапкершілік көтеретіні және кімнің іс бойынша азаматтық талапкер болатыны; қылмыстық құқық бұзушылық жасалған сәтте өзіне зиян келтірілген адамның мінез-құлқы; күдіктінің, (азаматтық жауапкердің) мүліктік жағдайы анықталуға тиіс.

Талап арыз сотқа тергеп-тексеру басталған кезден бастап сот тергеуі аяқталғанға дейін берілуі мүмкін. Егер талап-арыз сот жарысөсіз барасында берілсе, сот тергеуі қайта басталуы тиіс. Талап қойылғаннан кейін, олар азаматтық талапкер деп танылады. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде азаматтық талап қоюға қоғамға қауіпті әрекетімен өздеріне зиян келтірілген жеке және заңды тұлғалар, олардың

заңды өкілдері мен прокурор құқылы. Сонымен қатар, зиян келтірілген меншік иесімен қатар, заңды негіздегі мүліктің иесі де (жалға алушы, сақтаушы және басқалар) азаматтық талап қоюға құқылы.

Азаматтық талап күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға немесе есі дұрыс емес жағдайдағы адамның қоғамға қауіпті әрекетімен оларға келтірілген зиян үшін жауапкершілік көтеретін адамдарға қойылады.

Азаматтық талапты қараудың нәтижелері бойынша сот мына шешімдердің біреуін қабылдай алады: азаматтық талапты толық немесе ішінара қанағаттандыру туралы; азаматтық адамның қанағаттандырудан бас тарту туралы; азаматтық талапкердің азаматтық талабын қанағаттандыру құқығын тану және оның мөлшері туралы мәселені соттың азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауына беру туралы; азаматтық талаптан бас тартуды қабылдау және ол бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы; бітімгершілік келісімді не дауды азаматтық талап бойынша медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді бекіту және ол бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы; азаматтық талапты қараусыз қалдыру туралы.

Егер қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасы немесе Қылмыстық кодексте тыйым салынған іс-әрекет анықталмаса не сотталушының немесе өзіне қатысты медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы мәселе бойынша адамның қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысқаны дәлелденбесе не кінәсі анықталмаса, сот азаматтық талап қоюды қанағаттандырудан бас тартады.

Азаматтық талапкер сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін бас тартатыны туралы мәлімдеуге құқылы. Қылмыстық процесті жүргізіп отырған орган талапкерге азаматтық талаптан бас тарту салдарын түсіндіруге міндетті және азаматтық талаптан бас тартуды қабылдау мәселесін шешу кезінде ҚПК-нің 169-бабын және ҚР Азаматтық процестік кодексінің 170-бабын басшылыққа алуға тиіс, әрі егер бұл заңға қарама-қайшы келсе немесе кімде-кімнің құқықтарын не заңды мүдделерін бұзса, мұндай бас тартуды қабылдамауға тиіс. Сот процесінде талапкер азаматтық талаптан бас тарту туралы мәлімдеме бойынша сот кеңесу бөлмесінде шешім қабылдауға тиіс. Азаматтық талаптан бас тартуды қабылдау және ол бойынша іс жүргізуді тоқтату, сондай-ақ, бітімгершілік келісімді не

дауды азаматтық талап бойынша медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді бекіту және ол бойынша іс жүргізуді тоқтату кейін азаматтық тәртіпте қайта жүгінуге кедергі болып есептеледі.

Азаматтық талапкер арызын қарау-

сыз қалдыруды талап етуге құқылы. Қараусыз қалдыру алдағы уақытта азаматтық тәртіпке жүгінуге кедергі болмайды. Тәжірибеде, денсаулыққа келтірген залалдың мөлшерін анықтау бойынша, жүргізілген немесе жүргізіліп жатқан емдеу шараларын бағалау уақытты қажет етсе, қылмыстық сот ісі аяқталғаннан кейін, талап қоюшылар азаматтық тәртіпте жүгініп жатады.

Егер қылмыстық істің басты сот талқылауы кезінде талапты қанағаттандыру үшін заңда көзделген барлық негіздер анықталған жағдайларда ғана және олар талаптың негізді екенін айқатқаса, алайда, оның мөлшерін қылмыстық істі кейінге қалдырмай анықтау мүмкін болмаса азаматтық жауапкердің азаматтық талапты қанағаттандыру туралы құқығын тану және оның мөлшері туралы мәселені азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға беру туралы шешім қабылдануы мүмкін.

Сот тәжірибесінде мұндай шешімдер, негізінен, кінәлі тұлғаның әрекеті салдарынан келтірілген шығынның нақты анықталмауы себепті қабылданады. Мысалы, мүліктің ішінара жарамсыз күйге түсуі немесе мүліктік залалдың мөлшерін растайтын құжаттардың болмауы, не ұрланған мүліктің қосымша бөліктерінің болмауы (толық болмауы) құнына әсер етсе немесе т.б.

Соттар қылмыстық істе азаматтық талап қоюды қараған кезде, мұқият әрі толық зерттеу жүргізуі тиіс, бұл ретте ескеретін жағдай, сотталушының (азаматтық жауапкердің, оның өкілдерінің) азаматтық талапты мойындауы азаматтық талапты қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болады. Азаматтық талап бойынша шешім қабылданғанға дейін сотталушының жасалған қылмыстық құқықбұзушылық үшін кінәлі екені немесе есі дұрыс емес адамның қоғамға қауіпті әрекетті жасағаны, сондай-ақ, олардың әрекеті мен келтірілген зиянның арасындағы себепті байланыс анықталуға тиіс. Осы мақсатта залалдың сотталушының немесе есі дұрыс емес адамның қандай әрекетімен немесе әрекетсіздігімен келтірілгені, мұның қандай дәлелдемелермен расталатыны, залал сомасының қаншалықты екені, оның неден құралатыны, кімнің заңға сәйкес материалдық жауапкершілік көтеретіні және залалдың кімнің пайда-сына өндірілетіні тиянақты анықталуы керек.

Еділ ҚҰДАЙБЕРГЕН,
Хромтау аудандық сотының судьясы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ



Акерке ИСАЕВА,
Ақтөбе облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты кеңсесінің жетекші маманы

ЖАҢА КЕЗЕҢГЕ – ЖАҢА РЕФОРМАМЕН

Сот саласы соңғы жылдары жаңа реформалар кезеңіне аяқ басты. Тәуелсіздік жылдарынан бері сала дамып, заман талабына сай жетіліп, жаңа технологиялар мен жаңа мүмкіндіктерге бет бұрды. Азаматтық қоғамның дамуы, құқықтық институттардың жандануы заң үстемдігін арттырды. Құқықтық, зайырлы мемлекеттің негізгі талаптары мен шарттары жүзеге аса бастады.

Президент Қ.Тоқаев өзінің қыркүйек айындағы жолдауында сот саласына, құқық, заң саласына қатысты біраз нұсқау, бағдарын берді. Заң үстемдігінің салтанат құрып, сот төрелігінің әділ жүруі қажеттігін баса айтты. Сот саласының мінсіз, тыңғылықты жүзеге асуы үшін судьялар біліктілігін көтеру мәселесін, оларды қайта іріктеп, жанарту жағдайын ерекше тапсырды. «Қазылар жоғары білікті, адал, сондай-ақ, жемқорлықтан таза болуы қажет. Ең алдымен, барлық судьялардың мәртебесін теңестірген жөн. Олар өзінен жоғары тұрған әріптестеріне тәуелді болмауы керек» – деді Мемлекет басшысы. Ол сонымен қатар, заман талабына сай көптеген сот төрағасы лауазымы судья лауазымына өзгертінін, сот төрағасы және сот алқасының төрағасы лауазымына үміткерді судьялар өздері сайлайтын тәсіл енетінін айтты. Сонымен қоса, «Жоғарғы Сот судьяларын да сайлау арқылы таңдау тәсілін енгізген жөн. Ол үшін Президент үміткерлерді баламалы негізде Сенатқа ұсынуы керек. Аталған салаға мықты зәңгерлерді тарту үшін материалдық жағдай жасау қажет» – деді.

Қазақстандық сот жүйесі үнемі дамып, жетіліп, заманауи әдіс-тәсілдерді меңгерумен, судьялар біліктілігін көтерумен келеді. Бұл заман талабы. Құқықтық, демократиялы, зайырлы мемлекеттің сот жүйесінің мінсіз болуы ел беделін көтереді, халықаралық кеңістіктегі мәртебесін арттырады. Президент өз жолдауында Жоғары сот кеңесінің мәртебесі туралы да айтты. Алдағы уақытта қазылыққа үміткерлерді дайындау, іріктеу, олардың білім білігін көтеру жұмыстарымен осы кеңес айналысатын болады. «Олардың шекті жасын ұзарту, өкілеттігін тоқтату мәселесімен де осы мекеме айналысады. Бұл мемлекеттік орган нақты қадрлық функциялары бар, толыққанды институтқа айналуы керек. Кадрларды іріктеуден бастап, барлық деңгейдегі соттарды тағайындауға ұсыным беруге дейінгі бүкіл міндет соларға жүктеледі» – деді Президент. Президенттің сот саласына қатысты бастамалары бұл жүйенің тұғырын нығайтып, беделін көтереді. Сотқа ықпал етуге әрекет ететін күштік құрылымдардың жолын кесіп, судьялардың өз қызметін алаңсыз, адал атқаруына мүмкіндіктер тудырады. Жаңа реформалар сот жұмысына жаңа серпін береді. Бұған дейін әртүрлі азаматтық қоғам институттарының ұсынысымен енгізілген сот жүйесінің бағалау бастамалары да өз нәтижесін берді. Президент өз жолдауында осы мәселені тағы бір мәрте көтерді. Енді алдағы уақытта «Сот төрелігін атқару сапасы» бойынша судьяларды бағалау және жауапкершілікке тарту институты түбегейлі қайта жаңарады. Бұл судьялардың этика нормалары негізінде елге адал, әділетті төрелік айтуына, өз қызметін мінсіз атқаруына, әріптестерінің алды болуға ұмтылуына себеп. Жаңа реформалар қашанда жақсылықтың, игіліктің бастауы. Осы ретте, қазақстандық сот саласын түбегейлі жаңашыл өзгерістер күтіп тұр. Біліктілік пен білім, сауатты сарап пен әділетті төрелік қызметтегі әрбір судьяның өмірлік ұстанымы.

Э.АСУБАЕВА,
Алакөл аудандық сотының төрағасы
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

ОТБАСЫЛЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЖАЗА ҚАТАЙДЫ

Ресми ақпараттар соңғы жылдары мемлекетімізде отбасындағы зорлық-зомбылыққа қатысты қылмыстық істер санының күрт артқанын көрсетіп отыр. Мысалы, үш жыл ішінде күйеуінен жәбір көргендер үлесі 25 пайыздан асыпты. Ел халқының 51,4 пайызын әйелдер қауымы құрайды. Осы тұста Ішкі істер министрлігінің мәліметін де келтіре кетсек, полицияға жыл сайын тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері бойынша 100 мыңнан астам өтініш түседі екен. Мұндай көрсеткіштер мемлекет, азаматтар тарапынан немқұрайдылықты көтермейді.

Қазақстан Президенті халықты қоғамдағы зорлық-зомбылық пен әлімжеттік оқиғаларына көз жұма қарамауға шақырып, мұндай әрекетке барғандар жазасын барынша қатайту қажеттігін айтқан болатын. Соған орай, 2019 жылы Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адамның құқықтарын қорғауды күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңы қабылданды. Онда тұрмыстық және сексуалдық зорлық-зомбылыққа қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтар жазасы қатайтылып, Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекспен тұрмыстық зорлық-зомбылыққа байланысты жекелеген құқыққа қарсы іс-әрекеттер санкциялары күшейтілді.

Елімізде отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы жауапкершілік Конституция, Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы заң, Қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстер аясында реттеледі. Бұл тұрғыда республикамыз бірқатар халықаралық конвенциялар мен декларацияларға, БҰҰ-ның әйелдерді кемсітушіліктің барлық нысанын жою туралы конвенциясына қосылған.

Тағы бір айта кетерлігі, «ҚР Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» заңымен бекітілген тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартында жәбір көргендерге берілетін әлеуметтік көмек, оның мөлшері мен сапасы, шарттары, т.б. нақтыланған.

Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықта гендерлік теңсіздік манызын рөл атқарады. Сол себепті, отбасылық зорлық-зомбылықты қыл-

мыс санатына жатқызып, жаза түрін мейлінше қатайту, қорғаным болар деп қосылған азаматынан теперіш көргендер қатарының сиреуіне оң ықпал етіп қана қоймай, азаматтардың әлеуметтік-экономикалық проблемаларын, балаларды тәрбиелеу және жалпы, отбасы мәртебесін көтеру мәселелерін шешуге серпін береді.

Алдағы уақытта қабылданатын жаңашылдықтарға тоқталып өтсек, тұрмыстық қылмыстарды тіркеудің өтініш беру түрін бірден анықтау сипатына көшіру жоспарлануда. Яғни, полицияға құқық бұзушыны жәбірленушінің өтінішінсіз, нақты фактімен жауапқа тарту құқығы беріледі. Сол арқылы жазаның бұлтартпаушылық принципі қамтамасыз етіледі.

Сонымен қатар, әкімшілік құқық бұзушылыққа қамауға алудың ең төменгі шегі – 5 тәулік болып белгіленеді. Бұл мерзімді құқық бұзушылық қайталанған кезде 25 тәулікке дейін көбейту көзделуде. Тергеу кезінде отбасының шырқын бұзушыны оқшаулап, оны соттың қамауға алу, сонымен бірге тараптардың тек бір рет және сотта ғана таталуына мүмкіндік беру мәселелері қарастырылып жатыр.

Цифрлық технологиялар мен статистиканы пайдалану арқылы қандай да бір мәселелер туындауы мүмкін аймақтардағы отбасыларды анықтап, тиісті шараларды қабылдау қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алуда тиімді тетік болатынын сарапшылар жокқа шығармайды.

Бұрымдылар мен балалардың құқығын қорғау мемлекетіміздің басты бағыттарының бірі. Осы міндетке сай, Қазақстанда оларға кешенді түрде қолдау жасайтын орталықтар іске қосылған. Арнайы орталықтарда әйелдер мен балаларға психологиялық, құқықтық және медициналық көмектер көрсетіледі.

Бабаларымыз өнегелі ұрпақтың берекелі отбасында тәрбиеленетінін бекер айпаған. Демек, Президент бастамасымен қолға алынған реформаларды табысты жүзеге асыру өз кезегінде әрбір отбасын, оның ішінде ана мен баланы тұрмыстық зорлық-зомбылықтан мінсіз қорғауға кепілдік етеді.

Ілияс МҰХАДИҰЛЫ,
Талғар аудандық сотының судьясы
Алматы облысы

КЕЛБЕТ

«Өмір-өзен». Өмір ағысы да осындай асау өзен сияқты кері ақпайды, күшті толқындарға қарсы тұра алмасаң жағаға лақтырады, қарсы жүзуге мүмкіндік бермейді. Адам да дәл осындай әртүрлі күйді басынан кеше жүріп шыңдалады, өз бигіне өрмелеп, өмірден орнын табады.

Міне, біреуге қадірлі іні, біреуге қымбатты аға, тағы біреуге сенімді дос, ұлағатты ұстаз, үлгілі жар, қимас әке болған, Қазақстанның көрнекті мемлекет, қоғам қайраткері Иран Әмірұлының келместің кемесіне мінгеніне де сегіз жыл болыпты. Көзі тірі болғанда 15-қыркүйекте қайраткер 78 жасқа толатын еді.

ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ТҰЛҒА

Ол кісі тек ағайын, жерлестері ара-сында ғана қадірлі емес, сонымен қатар республика көлемінде де абыройы асқақ, беделі зор екендігіне оны Ақтөбе қаласына барып арулап жерлеуге қатысқан көптеген кісілер куә. Бізбен бірге ағамызды соңғы сапарға шығарып салуға тек Ақтөбе жұртшылығы ғана емес, Астана, Алматы, бүкіл батыс облыстарының жұртшылығы мемлекеттік орган басшылары, Парламент депутаттары, қызметкерлер, кәсіпкерлер, жалпы қарапайым халық көп жиналды. Қазіргі ҚР Президенті, Қасым-Жомарт Тоқаевтан бастап Президент Әкімшілігі, Мәжіліс, Жоғарғы Сот, Бас прокуратура басшылары, тіпті Ресейдің Мемлекеттік Думасы мен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің Парламентаралық ассамблеясы басшылары қазаға байланысты көңіл айтып жеделхаттар жолдады.

Ағамызға Ақтөбе қаласында берілген садақа аста облыстық соттың Ардагерлер кеңесінің төрағасы, Шалқар аудандық сотының бұрынғы төрағасы К.Жусупов Ирекеннен ағайынды, досты сыйлауды үйренгендігін, оның жиі елден хабар алып тұратындығын, кейіннен Сыр еліне ертіп барып, қонақ қылғанын, оның көптеген ағайындарымен, достарымен танысқандығын еске алды.

Ирекеннің тағы бір артықшылығы, есте сақтау қабілетінің ерекшелігі. Шежірені жақсы білетін. Аргы ата-баларымыздан тарайтын бұрынғы, қазіргі ұрпақтарды жағқа айтып, жіліктеп беретін. Бекше атамыздан тарайтын төрт атамыздың ұрпақтарын, түгелдеп, әулеттен кім қашан дүниеден өтті, оның балалары мен немерелерінің аттары, қайда жұмыс істейтіні, ұлдың кімге үйленгені, қызының кімге күйеуге шыққанын, барлығын шатыспай айтып отыратын.

«Өркімнің туған жері өзіне Мысыр шаһары» дейді дана қазақ. «Ауылым алтын бесігім» дейтін аталы сөздер тағы бар. Қасиетті Сыр елінің киелі Жалағашының ырысты Қаракеткен топырағында туып ер жеткен, елге келген сайын елдегі жасалып жатқан жақсы жаңалықтар мен игі істерге, Сыр елінен шыққан азаматтардың, белгілі қайраткерлердің жетістіктеріне қуанатын. «Сағынған ер елін ансайды», «Ер қадірін ел білер, ер есімі ел есінде» демекші оны Сыр еліндегі ағайын, достары сағынышпен еске алып отырса, ол да ел-жұртын ансайтын еді. Қызылордаға жиі келіп, жыл сайын Марал ишан, Қалжан ахун, Бұқарбай батыр, Беркімбай кәлпеге, әке-шешесінің басына арнайы малын сойып, құран оқытып, садақа үлестіретін. Ас-садақа, тойға қатысып, араласып, көмек жасаған адамдарға алғысын білдіріп, азық-түлік, ақшалай,

басқа да көмек көрсетіп, риза қылып жіберетін.

Иә ол шынында жақсы зангер, кәсіби судья, нағыз тәуелсіз депутат еді. Сот саласының ардагерлері мен басшыларының айтуы бойынша жаңарған егеменді еліміздің сот жүйесін онсыз көзге елестету мүмкін емес және саланың дамуына орасан зор үлес қосты, өсіп-өркендеуіне үлкен серпін әкелді. «Әрбір судья қолындағы кодексің Құранындай сыйласын, тірідегі абыройын, өлгендегі иманын ойласын», – дейтін қанатты сөздер Иран ағамызға тиесілі. Жоғарғы заң шығарушы орган Парламенттің Сенатында ел қамын ойлайтын, күрмеуі қиын мәселелердің шешімін таба білетін, білімді де білікті азамат сот саласында ұзақ жылдар абыройлы жемісті қызмет атқарды.

Кезінде жергілікті билік Иран ағамыздың облыстық сот ғимаратының ескі, сол кездегі талапқа сай келмеуіне байланысты басқа ғимарат қарастыру туралы талабын елемегесін облыстық сот жұмысын қатаң түрде тоқтататынын жариялады. Мәселенің бақылаудан шығып күрделеніп бара жатқанын байқаған облыс басшылығы қазіргі облыстық сот орналасқан орталықтан жаңа ғимарат бөледі. Кезінде Ақтөбе облысын басқарған тәжірибесі аздау жана жас әкім сала басшылары мен кәсіпкерлерге тісін батыра бастағанда олар үшін Ирекең араға түсіп қорғап қалғанымен, әкімнің назарын өзіне аударып, оның тарапынан Жоғарғы Сот басшылығының қызметіне көңілі толмайтындығы туралы шағымдар айтыла бастайды. Іске Жоғарғы Сот төрағасы араласып, Ақтөбеге келіп, кеше келген жас әкім түгілі өзінің Иран Әмірұлымен көптеген мәселелермен ақылдасатынын, оны сыйлап, құрметтеу керек екенін, мәселе шешімін таппаса Президент Әкімшілігі алдында көтеретінін мәлімдегесін әкім райынан қайтып, мәселе сот төрағасы пайдасына шешілген. Германия федеративтік Республикасының Ақтөбеге тәжірибе алмасуға келген федеральдық Жоғарғы Сот судьяларын таң қалдырған да Иран ағам-тұғын.

Иран ағамыз елге белгілі кісілерге қатысты өткізілетін шараларға қолдаушылық көрсетуде де көзге түсіп, қомаурттығымен ерекшеленетін. Елге келгенде, ағайындардың жағдайын біледі, кімнің қандай қиыншылықтары бар екенін сұрастырады, мүмкіндігінше барлығына көмектесуге тырысады.

2009 жылы «Жалағаш ауданының 70-жылдық мерей тойын өткізу аясында оған аудандық әкіматтың шешімімен ауданның «Құрметті азаматы» атағы берілді.

Иран ағамның бұл жетістіктері тегіннен тегін емес. Ол шынында да тектінің ұрпағы еді. Жоңғар-қалмақпен

ӨМІРДЕРЕК

Иран Әмірұлы 1944 жылы 15 қыркүйекте Қызылорда облысы Жалағаш ауданының Қаракеткен стансасында туған. С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің заң факультетін бітірген (1971), құқықтанушы. 1970 жылы Ақтөбе қалалық сотының судьясы, 1974 жылы Фрунзе аудандық сотының судьясы, 1975-1982 жылдары Ақтөбе облысының Октябрь аудандық соты судьясының төрағасы, ал 1982 жылы Ақтөбе облысы Алға аудандық сотының төрағасы, 1991 жылдары Ақтөбе қалалық сотының төрағасы қызметін атқарса, 1995 жылы Ақтөбе облыстық сотының төрағасы, ал 2004 жылдан ҚР Парламенті Сенатының 3-ші шақырылымының депутаты, Заңнама және құқықтық мәселелер комитетінің мүшесі болған. ҚР Жоғары сот кеңесінің мүшесі (2004-2008), ҚР Сот атқарушылары одағының төрағасы, ҚазКСР Еңбек сіңірген заңгері (1989), ҚР Құрметті судьясы (2001) атағын иеленді. Иран Әміреұлы «Құрмет» ордені (2007), «ҚР Тәуелсіздігіне 10 жыл» (2001), «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» (2005), «Қазақстан Парламентіне 10 жыл» (2006), «Астананың 10 жылдығы» (2008) медальдарымен; «Үш би» Құрмет белгісімен марапатталған. Ақтөбе облысының және Қызылорда облысы Жалағаш ауданының «Құрметті азаматы».

күрес кезіндегі Сыр елі қаһармандарының бірі белгілі би, батыр Жұжасар бабамыздың Иран алтыншы, мен жетінші ұрпағымын. Ел арасындағы әңгімелерге қарағанда оның өз әкелері Әміре, Әмзе, атасы Мergenбай көзі ашық, ел арасында абыройлары бар, ағайын, досқа адал азаматтар болған екен.

Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады екен. Ағамыздың жақсы оқушы, қатарының алды болып, қалыптасуына елеулі өз үлесін қосқан Сыр еліне белгілі ұстаз, партия кеңес органдарының қайраткері, Жалағаш ауданының Құрметті азаматы Жадырасын Қүзенов ағамызбен көзі тірісінде өте жакын араласып, оның ұйымдастыруымен өткізілген сыныптастар кездесуіне де келген болатын.

Оның жақсылық істеген адамдары да жеткілікті. Маған 1980 жылдары қызылордалық бір жігіт оның інісі екенімді біліп, өзінің Ақтөбеде түзеу жұмыстарына (ол кезде оларды «химик» дейтін) сотталып, сол жерде жазасын өту барысында жатақханаға келе жатып өлтірілген адам мәйітінің үстінен шығып, артыныша милиция қызметкерлерінің оны ұстап алып, қамап, айып жариялап, істі сотқа жолдағанын, ал сотта Иран дәлелдердің жеткіліксіз болуына байланысты оны ақтап жібергенін айтқан болатын. Оның ешкімі жоқ, жетім жігіт екен. КСРО Социалистік Еңбек Ері, атақты күрішші Жадыра Таспамбетова да қиналған кезде Ирекеннің көмектескенін айтып, «нағыз біртуар азамат», «нағыз бір сөзді жігіт»

дейтін. Өнер адамдарына да біртабан жакын еді. Белгілі ақын, сазгер, әнші Елена Әбдіқалыковамен танысып, ағалы-қарындас болып жақсы араласты.

Оның әлде де бағындыратын белестері көп-тұғын. Ол Парламентке, сот жүйесіне әлі керек еді, құқықтану саласы оның адал қызметін, күш-жігерін аяғына дейін пайдалана алмады, ол бұдан да жоғары қызметтерді істеуге дайын еді. Елінің нағыз патриоты, жанашыры еді. Парламент Сенатының отырысында алыс шетел, оның ішінде Қытай Халық Республикасы азаматтарының Қазақстанда еңбек істеу, тұру, жанұя құру мәселесі, әйелдердің зейнетке шығу жасын көтеру туралы заң жобалары талқыланғанда қаһарына мініп, ашуланып сөйлеген сөздері әлі есімде (ютуб каналынан көруге болады). 2013 жылы 70-жылдық мерейтойы алдында Отан алдындағы еңбегі еленіп, Мемлекет басшысы Жарлығымен «Парасат» орденімен марапатталды.

Шүкір артында жақсы сөздері, балалары, немерелері қалды. Достары, ағайындары құранға атын қосуда. Бану жеңгей, бала-шағалары, достары оны еске алатын талай жақсы іс-шараларды атқаруда. 2019 жылы жергілікті билік арқылы өзі заңдастырып, облыстық сотты көшірген ғимарат қабырғасына оны еске алатын «Мемориалдық тақта» ілініп, «Бекзат тұлға, тура би» атты естеліктер жинағы жарық көрді. Естелік жинаққа Ресей мен елімізге белгілі мемлекет, қоғам қайраткерлері, республика және облыстық сот пен құқық қорғау органдары саласының басшылары мен ардагерлері, ағалары мен достарының

лебіздері жарияланған. ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы Ж.Асановтың «Елін сүйген қайраткер», ҚР Бас әскері прокуроры Д.Сартаевтың «Шын мәніндегі халық қалаулысы болды», академик Қ.Әбішовтың «Принципшіл, әділ азамат еді», ҚР Парламенті Сенатының Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы С.Ақылбайдың «Елін сүйген Ираған», Ақтөбе облысының бұрынғы әкімі, экс-сенатор Е.Сағындықовтың «Билердің бізге жеткен бейнесі», Парламенттің экс-сенаторлары Ю.Кубайчуктың «Был настоящим лидером», Л.Полторабатьконың «Высоко-профессиональный юрист», Еңбек және соғыс ардагері, қаржы ісінің үздігі, Қазақстанға еңбегі сіңген экономист, «Құрмет», 1,2-дәрежелі «Отан» ордендерінің иегері Б.Баймахановтың «Бабасы би болып еді», еңбек және соғыс ардагері, «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет» ордендерінің иегері К.Бердаулетовтың «Бала кезінен басқаша еді», әділет генерал-майоры Ә.Әділханның «Тағылымы мол тұлға», полиция генерал-майоры А.Федоровтың «Он остается в памяти земляков», Ақтөбелавснаб» АҚ төрағасы Б.Петуховтың «Человек чести» атты мақалалары енген.

Әсіресе, Өзбекстан Республикасының, Ресей Федерациясының бұрынғы Бас прокуроры О.Гайдановтың естеліктері өте әсерлі жарияланыпты. «Қақ молды мы были, как верили в себя» атты Ресей прокуратура генералының мақаласында өзінің Иранмен 70-жылдардан бері дос екенін, әуелі өзінің комсомол хатшысы ретінде облсоттың сол кездегі жас комсомолы Иранмен бірлесіп мекемелердегі комсомол жастардың құқықтық сауатын ашу үшін бірлесіп шаралар атқарғанын, кейін өзінің Ақтөбе қаласының прокуроры болып тағайындалғанда Иран Амировтың Ақтөбе қалалық сотының төрағасы лауазымын атқарғанда жанұяларымен тығыз араласқан. Бірде полицияда жоғары басшылық қызметін атқарған екі досымен бірге Иранмен қаз атуға барып, өзінің қасындағы жігіттермен кәсіби тәжірибелі үш аңшының бірде бірі қаз ата алмағанын, ал өзі аңшылықтан мүлдем хабарсыз, мақтанудан аулақ болған Иранның қаз атып алып, оны отқа өте дәмді қылып дайындағаны соншалықты өмірінде одан тәтті тамақ жемегенін әсерлі қылып көрсеткен. Иранның бойында басқа әртүрлі деңгейдегі бастықтарда бола бермейтін шыдамдылық, адамды тыңдай білетін қасиеті бар екенін де көрсеткен. Оның тағы бір жан досы, Ресей көркемөнерінің еңбек сіңірген қайраткері, белгілі жазушы, мәскеулік Рауль Мир-Хайдаров «Беседы с Сократом» атты мақаласында кимас досы туралы қызықты деректер келтірген.

Сонымен қатар, кітапта Иран Әмірұлының қойын кітапшасына жинақтап, жазып жүрген көне дәуір хикметтері, назымдары, әлем даналары мен ойшылдарының халық қажетіне жарар қанатты сөздері, қандастарымыз туралы шетел ғұламаларының жазбалары, басқа да қазақ халқының асыл, қанатты сөздері жарияланған.

«Әдемі қарттық – бір бақыт» дейді халық сөзі. Тек Ирекен ағамыз осы әдемі картаю бақытын, қызығын аяғына дейін көре алмады. Жасамаған жасын ұрпақтарына берсін, арты жақсылыққа жалғасын, өзі өлсе де оның жақсы сөздері өлмесін.

Хұсайын ҚОРАЗБАЕВ,
Қазақстан Журналистер және
Зангерлер одағының мүшесі,
Қызылорда облыстық полиция
департаментінің бөлім басшысы,
полиция полковнигі

анағұрлым жеңіл болар еді. Мәселен, сыбайлас жемқорлықсыз қоғам құруда отбасындағы тәрбиенің қосар үлесі айрықша. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасында көрсетілгендей, отбасы мен білім беру саласын қатыстыру арқылы өскелең ұрпақтың құқықтық мәдениетін бала кезден қалыптастыруға, оларды отансүйгіштік бағыттағы құндылықтар негізінде тәрбиелеуге барынша көңіл бөлген абзал. Яғни, жемқорлықты жою Мәңгілік Ел болу идеясын іске асырудағы бірден-бір сара жол екенін жас ұрпақ санасына сіңіру жұрт болып атсалысуды қажет етеді.

Сонымен қатар, жемқорлық, паракорлық әрекеттерге барғандарды, мейлі ол лауазымды қызметкер, қатардағы жұмысшы болсын қылмыстарын әшкере етіп, БАҚ арқылы жариялау да тиімді құрал болады. Себебі, жаңа қазақстандық мемлекетті құруда қоғамдық ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының белсенділігі мен біріге қимылдауы жемқорлықпен күресте басты фактор саналады. Сыбайлас жемқорлыққа жұмыла қарсы тұру өркениетті қоғамда өмір сүргісі келетін әрбір адамның міндеті десек, сол міндетке адалдық таныту басты парызымыз.

Анар АБИЛОВА,
Алматы қалалық мамандандырылған
ауданаралық экономикалық сотының судьясы

СУДЬЯ МІНБЕРІ

Жемқорлықсыз қоғам заң үстемдігін орнатудың бірден-бір кепілі десек, бұл мәселеде заң талаптары жылдан-жылға күшейтіліп жатыр. Мысалы, сыбайлас жемқорлыққа қатысты ауыр және аса ауыр қылмыс жасағандардың шартты түрде мерзімінен бұрын босауына қылмыстық кодекспен тыйым салынды.

Бүгінде жемқорлық қылмыстарына бас бостандығынан айырумен бірге тәркілеу және еселік айыппұлдар тағайындалады. Бұған қоса заңмен шартты түрде соттау жазасы, тараптардың бітімге келуіне байланысты жауапкершіліктен босату, сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарын жасағандарға кепіл белгілеу нормалары алынып асталды. Керісінше, жемқорлық жағдайлары туралы хабарлап, оның жолын кесуге жәрдемдескендер қауіпсіздігі заңмен қамтамасыз етілген.

Жемқорлықтың алдын алу мақсатында соттар мен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің,

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС ОРТАҚ

пара бергендердің және арадағы делдалдар жауапкершілігінің күшейтілуі, сондай-ақ, мемлекеттік қызметшілердің, депутаттардың, судьялардың шетел банктерінде есепшот ашуына, қолма-қол ақша және бағалы заттар сақтауына шектеу қойылуы өз кезегінде сыбайлас жемқорлықсыз қоғам орнатуға септігін тиізеді.

Осылайша елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың барлық бағытын түбегейлі өзгертуге тиімді тетіктер жасалуда. Бұл жөнінде Президент уәкілетті органдардың алдына бірқатар міндеттер қойды. Солардың бастысы ретінде кәсіпкерлер мен азаматтардың сыбайлас жемқорлық деректері бойынша берген өтініштерін қараудағы жүйелі жұмыстарды атауға болады. Сондай-ақ, мемлекет басшысы құзырлы органдар басшыларының қызметін олардың жемқорлықпен күрестегі көрсеткіштері арқылы бағалауды ұсын-ды.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, жемқорлыққа жол бермеу ел азаматтарының белсенділігіне тікелей байланысты. Ол үшін әрбір жағымсыз әрекеттің жазасын қалмайтыны туралы заңдық түсіндірмелер үздіксіз насихатталуы тиіс. Бұлай дейтініміз, өз құқығын білетін адам кез

ЖАРИЯ ШАРТ

Астана к. _____ 20_ жыл _____ «__» _____

Осы жария шарт (бұдан әрі-Шарт) 2013 жылғы 30 мамыр-дағы №2/7 шарт бойынша сенімгерлі басқарушы ретінде «Қаз-АвтоЖол» Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамы көрсететін Республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын ақылы автомобиль жолдарымен (жол учаскелерімен) жүріп өту және онымен байланысты өзге де қызметтердің талаптарын айқындайды, оның атынан «Ақылы автомобиль жолдары дирекциясы» филиалы жұмыс істейді (бұдан- әрі) «Оператор» деп аталатын, онда айқындалған шарттарға сәйкес осы Шарттың талаптарына қосылған тұлғаға, (бұдан-әрі) «Пайдаланушы» деп аталатын автомобиль жолдары операторын тағайындауға жол берілмейді.

1. Негізгі ұғымдар мен анықтамалар

1) Ақылы қозғалысты ұйымдастырушы – автомобиль жолда-рын басқару жөніндегі ұлттық оператор – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген өкілеттіктерді жүзеге асыратын «Ақылы автомобиль жолдары дирекциясы» филиалы атынан «ҚазАвтоЖол» Ұлттық компаниясы» акцио-нерлік қоғамы.

2) Үкілетті мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі.

3) Оператордың өкілі – Оператор қызметтерді көрсетуге байланысты мәселелер бойынша өзінің мүдделерін білдіруге уәкілеттік берген тұлға.

4) Ақылы автомобиль жолдарын пайдаланушылар (бұдан әрі - Пайдаланушылар) – жол жүрісіне қатысушылар болып табылатын немесе автомобиль жолдарына бөлінген белдеу және жол бойындағы белдеу шегінде өзге де қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар.

5) Ақылы автомобиль жолдары (жол учаскелері) (бұдан әрі - Ақылы жол учаскелері) – уәкілетті мемлекеттік орган оларға қатысты ақылы негізде пайдалану туралы шешім қабылдаған және жүріп өту үшін ақы алынатын автомобиль жолдары (жол учаскелері).

6) Жүріп өту үшін ақы алудың бағдарламалық-аппараттық кешені (ақы алу жүйесі) (бұдан әрі - ААЖ) – ақылы учаскелер бойынша жүріп өту үшін ақы алуға арналған автомобиль жолы жабдықтарының, бағдарламалық қамтылымының және элемент-терінің жиынтығы.

7) Ақы алу пункті (бұдан әрі - ААП) – автокөлік құралдарын сәйкестендіруге, сондай-ақ әртүрлі төлем тәсілдерін пайдалана отырып, ақы алу процесін бақылауға және ұйымдастыруға мүм-кіндік беретін техникалық құрылғылармен жабдықталған, ақылы учаскеден шыға берісте орналасқан өткізу пункті.

8) Шарт – екі немесе бірнеше адамның азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеу, өзгерту немесе тоқтату туралы келісімі. Шарт оператордың ресми сайтында электрондық түрде жасалады law.kaztoll.kz оған ЭЦҚ-кілтпен ұйымның бірінші басшысынан төмен емес кол қойылады. Шарттың бекітілген үлгі нысаны ресми сайтта орналастырылған www.qaj.kz «Автомобильтерге» бөлімінде.

9) Көрсетілетін қызмет – оператордың ақылы учаскенің бүкіл бойында көлік құралы қозғалысына жолдары, қауіпсіз жылдам-дығы мүмкіндігін, сондай-ақ, ақы төлеудің қазіргі заманғы тәсілдерін пайдалана отырып, ақылы учаске бойынша жүріп өту үшін ақы алу жөніндегі оператордың іс-қимылын қамтамасыз ете отырып, жол жүруің жоғары сапасын ұйымдастыруы.

10) Электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

11) Ақылы автомобиль жолымен (жол учаскесімен) жүріп өту үшін ақы алу ережесі – қолданыстағы заңнамаға сәйкес уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен, ақылы автомобиль жолда-рымен (жол учаскелерімен) жүріп өту үшін ақы алу тәртібін ре-гламенттейтін нормативтік құқықтық акт. Осы Ереже Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпарат-тық-құқықтық жүйесі порталында жарияланған https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1500011128.

12) Бақылау арқасы – көлік құралдарын сәйкестендіруге және есепке алуға арналған ақылы учаскелерде орналасқан тех-никалық құрылғылар кешені.

13) Мөлшерлеме – бұл Қазақстан Республикасының қол-даныстағы заңнамасына сәйес автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген ақылы учаскелер ай-мақтары бойынша жүріп өту үшін төлеммақы мөлшері. Ақылы автомобиль жолдарымен (жол учаскелерімен) жүріп өту үшін төлеммақы ставкаларын бекіту туралы бұйрықтар Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпарат-тық-құқықтық жүйесінің порталында жарияланған https://adilet.zan.kz.

14) Аймақ – бұл өзінің ұзындығы және көлік құралдарының жүк көтергіштігі мен типіне байланысты жүріп өту үшін белгілі бір ақы ставкасы бар ақылы учаске жолының кесіндісі.

15) Алдын ала төлем – пайдаланушы ақылы учаскеге кір-генге дейін жеке шотқа және/немесе МТНБ шотына есептеген, олардың сомалары жол ақысын төлеу үшін жеткілікті ақша кара-жаты. Алдын ала төлем банк арқылы, оператордың есеп айырысу шотына аудару жолымен не төлем жүйелерінің операторлары арқылы жүргізілуі мүмкін.

16) Төлем жүйелерінің операторлары – төлем жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асы-ратын және «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының заңында белгіленген, осындай қызметке жата-тын міндеттерді орындайтын заңды тұлғалар.

17) Тоқтаусыз өтетін ААП жолағы – абоненттік төлем немесе алдын ала төлем енгізген ААП арқылы пайдаланушылар үшін ақылы жол учаскелерінен шығу жолағы. ААП жолағы, ол болған жағдайда, тоқтаусыз өтетін жолдың айырым белгілеріне ие, жол белгілерімен сәйкес белгіленеді және жасыл түске боялуы мүмкін.

18) Абоненттік төлеммақы – ақылы автомобиль жолдарына (учаскелерге) іргелес елді мекендерде тіркелген жеңіл автокөлік құралдары үшін уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген, ұлттық оператор екі бағытқа да бүкіл маршрут үшін төлеммақы мөлшер-лемесіне сәйкес пайдаланушыдан күнтізбелік 365 күн бұрын алатын ақылы автомобиль жолдарымен (учаскелерімен) жүріп өткені үшін төлеммақы Абоненттік төлем ресімделген сәттен бастап.

19) Дербес шот – жасалған шарт шеңберінде енгізілген көрсетілген қызметтер көлемін, ақша қаражатының түсуін және жұмсалуын есепке алу үшін пайдаланушыға бекітілген ААЖ-де-гі есепке алу шоты.

20) МТНБ – автокөлік құралының мемлекеттік тіркеу нөмір-лік белгісі, механикалық автокөлік құралына уәкілетті мемле-кеттік орган беретін жеке әріптік-цифрлық белгісі бар бұйым.

21) МТНБ шоты – бұл Пайдаланушының ЖТНБ-дағы жеке шоты. Шоттың идентификаторы-көлік құралының МТНБ.

22) Дұрыс емес есептелген транзакция – дұрыс сәйкестен-дірілмеген МТНБ-ны ААЖ-дағы бақылау арқаларымен есептеу транзакциясы.

23) Маршруттық карта – пайдаланушы мобильдік қосымша арқылы айқындаған төлем сомасының есебімен ақылы учаске бойынша қозғалыс маршруты.

24) Терминал – ААП-де орналасқан, ол болған кезде пайда-ланушыдан ақылы учаскелер бойынша жүріп өткені үшін ақы алуға арналған техникалық құралдармен жабдықталған бағдар-ламалық-аппараттық кешен құрылғысы.

25) RFID белгісі – автокөлік құралын және оның МТНБ-ны қосымша сәйкестендіру үшін пайдаланылатын, жеке нөмірі бар, ААЖ-не енгізілген, ішіне салынған коректендірусіз, ашу немесе жою кезінде өзін-өзі жою функциясы бар радиожіліктілі сәйкес-тендірудің электрондық құрылғысы оқу құрылғысына түскен кезде танылады.

26) ЖКО – Жол-көлік оқиғасы көлік құралының ақылы учаске бойынша қозғалысы процесінде және оның қатысуымен туындаған, адамның денсаулығына зиян келтіруге, өлімге, көлік құралының бүлінуіне, ЖКО салдарынан оператордың мүлкіне материалдық залал келтіруге әкеп соққан оқиға.

27) ЖКО актісі – пайдаланушының көлік құралының қа-тысуымен ақылы учаскеде ЖКО салдарынан туындаған оқиға көрсетілген құжат.

28) Жол жүру үшін төлемнің жоқтығы туралы Акт – пай-даланушының ақылы учаске бойынша ақы төлемей жол жүру фактісі туралы құзылданушынан құжат, ол болған кезде ААП-де оператордың өкілі қалыптастырады, оның бір данасы пайда-ланушыға беріледі.

29) Жол жүру үшін уақытылы төлемеу – есептен шығару сәтінде жол жүру үшін МТНБ шотында және/немесе жеке шотта ақша қаражатының болмауы және/немесе жеткіліксіздігі.

30) Байланыс орталығы – оператордың дауыстық байланыс арналары, электрондық және пошта қызметтері арқылы пайдала-нушылардан түскен өтініштерді өңдеуді жүзеге асыратын, сон-дай-ақ, онлайн-чат режимінде (Call center-1403) пайдаланушы-лардың өтініштерімен жұмысты жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі.

31) Жеке кабинет – пайдаланушының оператордың Интер-нет-ресурсында немесе МТНБ-ның дербес шотындағы және шотындағы ақша қаражатының қозғалысы, сондай-ақ, шоттар-ды толықтыру. Қызметтерді басқару және ақылы учаскелердің жұмысына қатысты өзге де ақпарат алу үшін графикалық ин-

терфейсі бар мобильдік қосымшада тіркелген Пайдаланушының дербес бөлімі.

32) Оператордың сайты – оператордың Интернет желісіндегі ақпараттық ресурсы (ақпараттық ресурс) – www.QAJ.kz).

33) Мобильді қосымша (QAJ Mobile) – смартфондарда және басқа да мобильді құрылғыларда жұмыс істеуге арналған бағдар-ламалық қамтылым.

2. Шарттың мәні

2.1. Оператор қызметті ұсынады, ал Пайдаланушы төлеммақы алу қағидаларына және мөлшерлемелерге сәйкес осы Шартта көзделген тәртіппен оператор көрсететін қызметке ақы төлейді.

2.2. Осы Шарт жария шарт болып табылады, оның талапта-ры Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленді және оны оператор дербес белгілейді. Шарттың талаптарын пайдаланушы ақылы учаскеге кіру сәтінде оған тұтастай қосылу жолымен қабылдайды.

2.3. Пайдаланушы автокөлік құралдарының тізбесін ақы алу жүйесінде дербес енгізеді және толықтырады.

3. Қызметтердің құны және пайдаланушының МТНБ шотынан және/немесе жеке шотынан ақша қаражатын есептен шығару тәртібі

3.1. Қызмет құны ақылы учаскенің аймақтары бойынша жол жүру құнынан, сондай-ақ, уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген мөлшерлемелерге сәйкес КҚ жүк көтергіштігі мен КҚ типіне сәйкес қалыптасады. Ақылы учаскелер бойынша жүріп өту үшін ақы төлеу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен жүргізіледі.

3.2. Қызмет үшін ақы төлеу мынадай тәсілдермен жүр-гізіледі:

- алдын ала төлем бойынша, төлем жүйелерінің көмегімен МТНБ шотына оператордың есеп айырысу шотының деректеме-леріне ақша қаражатын енгізу арқылы;

- ААП бар болса, оны төлеу.

3.3. Оператор пайдаланушыларға Қазақстан Республикасы-ның заңнамасында белгіленген мерзімде электрондық шот-фак-тура жазып береді. Оператор шот-фактураны (орындалған жұмыстар актісін) жүріп өту туралы ААЖ деректерінің негізінде жазып береді.

4. RFID-белгісі

4.1. RFID-белгі мобильдік қосымша немесе оператордың ресми сайты арқылы пайдаланушының жеке кабинетінде беріл-ген оның бірдей нөмірін енгізу арқылы тіркеледі. Тіркеу фактісі RFID тег идентификаторын МТНБ-ға бекіту болып табылады.

4.2. Оператор немесе оператор уәкілеттік берген тұлға кли-енттермен жұмыс істеу орталықтарында және ААП-да пайдала-нушының көлік құралына RFID-белгіні орнатады.

4.3. RFID белгісін Пайдаланушы сатып алады және автокөлік құралында атермалдық немесе металлдандырылған жабыны жоқ аймақта қолденен орналастырылады.

4.4. Көлік құралының RFID-таңбасы бүлінген немесе МТНБ-ны пайдалану барысында өзгерген жағдайда, Пайдала-нушы жана RFID-белгісін сатып алып, оның бірегей нөмірін жеке кабинетте тіркеуі қажет.

ЖАРНАМА

нушының автокөлік құралдары жаңа тізбеге автоматты түрде енгізілетін болады.

5.3.5. Ақылы учаскелерге кіргенге дейін оператор ұсынатын сервистерді пайдалана отырып, пайдаланушының дербес шотын және/немесе МТНБ шотын толықтыру;

5.3.6. автокөлік құралдарын МТНБ шотында дебиторлық берешек және/немесе автокөлік құралдарының жеке шоты бол-маған жағдайда пайдаланушының атына тіркелмеген жеке шот тізбесінен дербес алып тастау;

5.3.7. егер пайдаланушыда Қағидалардың бұзылуына қа-тысты құман туындаған жағдайда, жол жүру үшін есептелген соманың есебін қайта қарау туралы жазбаша өтінішпен опера-торға жүгіну;

5.3.8. «Автомобиль жолдары туралы» Қазақстан Респуб-ликасы заңының 5-2-бабына сәйкес ақылы учаске бойынша жеңілдікпен жол жүруге;

5.3.9. операторға келесілер арқылы хабарласуға болады:
-1403 қысқа телефон нөмірі бойынша байланыс орталығы;
- Электрондық пошта fra@qaj.kz, info@qaj.kz;
- Оператордың атына жіберілген ресми хат алмасумен;
- QAJ mobile мобильді қосымшасының ашық желісі;
- Сайтта ашық желі https://qaj.kz
- Боттың жеделхахтары https://t.me/kazautozholbot.

5.3.10. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды пайдалануға құқылы;

5.3.11. қызмет көрсету шарттарымен және мөлшеріме-лерімен танысу.

5.4. Пайдаланушы міндетті:

5.4.1. Жылдамдық режимін, сондай-ақ, жол қозғалысы ережелерінің талаптарын сақтай отырып, көлік құралын басқа-рының. Бұл ретте қозғалыс қарқындылығын, көлік құралы мен жүктің ерекшеліктерін мен жай-күйін, жол және метеорологиялық жағдайларды, атап айтқанда қозғалыс бағытындағы көрінуді ескере отырып, белгіленген шектеулерден асырмау;

5.4.2. көлік құралының қозғалысына кедергі және (немесе) қауіп туындаған жағдайда көлік құралы тоқтағанға дейін немесе қозғалыстың басқа қатысушылары үшін қауіпсіз кедергіні айна-лып өту бойынша жылдамдықты төмендету жөнінде шаралар қабылдау;

5.4.3. операторға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес көлік құралдарының рұқсат етілген өлшем-дерінен габариттері, салмағы және/немесе ослік жүктемелері бойынша асатын автокөлік құралының жүріп өтуіне арнайы рұқсат беру;

5.4.4. ААП (бар болса) және жол белгілері арқылы өту кезін-де белгіленген ақпараттық таблоға сәйкес көлік құралдарының тиісті қозғалыс жолағымен жүріп өтуін жүзеге асыру;

5.3.5. ААП (бар болса) өту кезінде белгіленген жол белгілері мен жол төсемінің таңбаларына сәйкес алала жүріп келе жатқан көлік құралдарына дейінгі қашықтықты, сондай-ақ қозғалыс қа-уіпсіздігін қамтамасыз ететін қажетті бүйірлік аралықты сақтау;

5.3.6. МТНБ-ны RFID-белгінің көмегімен дұрыс оқуды қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасы стандар-ттары талаптарына сәйкес автокөлік құралына жүкті орнату;

5.3.7. физикалды чекті және / немесе төлем фактісін растай-тын өзге құқықты ақылы учаскеде болған барлық уақыт ішінде сақтауға міндетті;

5.3.8. оператордың сұратуы бойынша құжаттардың көшір-мелерін, жеке куәлікті, деректерді сәйкестендіру үшін көлік құралын тіркеу туралы куәлікті ұсыну қажет;

5.3.9. оператормен шарт жасалғаннан кейін пайдаланушы-ның автокөлік құралдары автоматты түрде ақы алу жүйесіндегі дербес шоттың тізбесіне енгізілетін болады.

Егер пайдаланушы ұйымның атауын, тіркелген мекенжайын, сондай-ақ бірінші басшы ауысқан кезде және басқа да дерек-терді өзгерткен жағдайда, пайдаланушы бұл туралы бір айдан кешіктірмей жазбаша түрде оператордың құқы мекенжайына операторды хабарлар етуге міндетті.

5.3.10. жеке шоттың КҚ тізбесі өзгерген кезде пайдала-нушының ЭЦҚ-кілттің көмегімен ААЖ-де қосымша келісімге қол қоюы қажет.

5.3.11. қызмет көрсетілгеннен кейін жеті күнтізбелік күн ішінде ақылы учаскелер бойынша жол жүру берешегін өтеу;

5.3.12. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді атқарады.

6. Құпиялылық

6.1. Тараптар шартты орындау барысында алынған, Тарап-тардың әрқайсысы үшін құпия болып табылатын мәліметтерді жария етпеу міндеттемесін өзіне қабылдайды.

6.1.1. Шарттағы құпия ақпарат деп жалпыға бірдей қол-жетімді болып табылмайтын, жария етілуі залалдардың туын-дауына әкеп соғуы және/немесе Тараптардың кез келгенінің іскерлік беделіне ықпал етуі мүмкін, коса алғанда, бірақ олармен шектелмейтін мәліметтер түсініледі:

- осы шартты жасау және орындау барысында алынған пай-даланушы мен оператор туралы ақпарат;

- көрсетілгенін қызметтердің көлемі және олардың құны туралы ақпарат;

6.1.2. Тараптар өздерінің үлестес тұлғаларын, аудиторларын, салық, келен және өзге де мемлекеттік органдарын, сондай-ақ осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты Тараптардың әрқайсысының атынан ақпарат алуға және бе-руге уәкілетті тараптардың жауапты тұлғаларын қоспағанда, көрсетілген құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға жария етпеуге міндеттенеді.

6.1.3. Құпия ақпарат басқа адамдарға заңдарда белгіленген жағдайларда және тәртіппен ғана ашылуы мүмкін.

6.1.4. Осы Шарт тоқтатылған жағдайда, Тараптар осы Шарттың қолданылуы тоқтатылған сәттен бастап 5 (бес) жыл ішінде құпия ақпаратты жария етпеуге және өз мүдделерінде және/немесе үшінші тұлғалардың мүдделерінде пайдаланбауға міндеттенеді.

6.1.5. Оператор пайдаланушының алатын дербес дерек-терінің құпиялылығын, оларды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес өңдеу кезін-дегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, атап айтқанда, бүкіл бүкіл мерзім ішінде дербес деректерді зансыз немесе кездейсоқ қол жеткізуден, рұқсатсыз жоюдан, өзгертуден, бұғаттаудан, тарату-дан, сондай-ақ өзге де зансыз әрекеттерден қорғау үшін қажетті ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қабылдауға міндеттенеді. Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан және оны тоқтатқаннан кейін, кімнің бастамасы бойынша және қандай жағдайларға байланысты шарт бұзылды.

6.1.6. Тараптар жоғарыда көрсетілген дербес деректер құпия ақпарат болып табылады деген келісімге келді. Қазақстан Ре-спубликасы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабының 13-тармағында айқындалған мынадай жалпыға бірдей қолжетімді ақпарат ерек-шелік болып табылады:

1) дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) немесе атауы;
2) заңды тұлғаның атауы және тіркелген күні;
3) сәйкестендіру нөмірі;
4) заңды мекенжайы (орналасқан жері);
5) қызмет түрі.

6.1.7. Жалпыға қолжетімді ақпаратқа осы Шартта белгілен-ген құпиялылық туралы нормалар қолданылмайды. Тараптардың бірі осы Ережені бұзған жағдайда кінулі Тарап екінші Тарапқа осындай бұзушылыққа сәйкес келтірілген барлық шығындарды өтейді. Тараптар Сатып алушы туралы шартты орындау сал-дарынан өзіне белгілі болған ақпаратты бермеуге және жария етпеуге міндеттенеді.

7. Тараптардың жауапкершілігі

Тараптар шарттық міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады, бұл ретте осымен жауапкершілік пайдаланушыға немесе Операторға келтірілген тікелей зияның (нақты зиянның) мөлшерімен шектелетіндігімен келіседі.

Пайдаланушы қызметтер үшін ақы төлемеген жағдайда, берешек көлік құралының иесінен өндіріп алынады. Пайдаланушы ақылы учаскеде орналасқан оператордың мүлкіне зиян келтірген жағдайда, Пайдаланушы операторға зиян келтіру нәтижесінде туындаған барлық залалдарды өтеуге міндетті.

Оператор тиісті емес қызмет көрсеткені үшін жауапкершілік-тен босатылады:

пайдаланушының қолданыстағы жол қозғалысы ережелерін бұзуы немесе жол-көлік оқиғасын жасауы.

Оператор мен Пайдаланушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

Осы Шарт бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында бел-гіленген тәртіппен шешіледі.

8. Енсерілмейтін күш жағдайлары

8.1. Тараптар шарт бойынша міндеттемелерді ішінара не-месе толық орындамағаны үшін, егер ол: өрт, су тасқыны, жер сілкінуі, диверсия, әскери іс-қимылдар және егер олар шарттық міндеттемелерді орындауға тікелей әсер еткен болса, басқа да мән-жайларды қоса алғанда, енсерілмейтін күштің салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады.

8.2. Енсерілмес күш мән-жайлары туралы уақытылы хабар-ламау, егер осы мән-жайлардың әрекеті мұндай хабарламаны жіберуге кедергі келтірмесе ғана, тиісті Тарапты осындай мән-жайларға сілтеме жасау құқығынан айырады.

9. Шарт қортындысы

9.1. Осы Шарт 2.2-тармаққа сәйкес Пайдаланушы осы шартқа қосылған сәттен бастап күшіне енеді және ол Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша тоқтатылған кезге дейін қолданылады.

10. Тараптардың деректемелері және колдары

Оператор: _____ Пайдаланушы: _____

«ҚазАвтоЖол» ҰҚ» АҚ атынан «Ақылы қызметтер дирек-циясы» филиалы БСН 140241014416, заңды мекенжайы: Қа-зақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Сарыарқа ауданы, да

ПАЙЫМ

МЕМЛЕКЕТ ТІРЕГІ

«Отан отбасынан басталады». Бала күнінен кез келген азаматтың санасы-на сіңісті болған осыбір сөзде қаншама мән-мағына жатыр. Мемлекетті алып Отан десек, отан осындай шағын жанұялардан тұрады. Алып Отанның мәңгілік болуы, мықты, мәуелі болуы да осы шағын отбасы-лардың береке-бірлігі мен өзара татулығына байланысты.

Міне, осындай үлкен жауапкершілік-те әрбір отбасы іргесін бекітіп, негізін мығымдауға тиіс. Жасыратыны жоқ, қазір елде ажырасушылардың саны артты. Бұл мемлекеттің тұтастығы мен ішкі ты-ныштығына келтіретін алғашқы қауіптердің бірі. Қазақ әу бастан «Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбе-дегі келеді» деген. Отбасының түтіні түзу шығуы ерлі-зайыптыларға ортақ міндет. Отау құруға ниеттенер алдында жастар ең алдымен осы жауапкершілікті сезінуге тиіс. Ол тек жұбайының ғана емес, ата-анасы, бауырларының, ағайын-туысының қала берді мемлекетінің алдындағы үлкен жауапкершілік, ұлы міндет. Ер азамат сол шаңырақтың іргесінің сөгіліп, керегесінің шайқалмауына жауапкер. Әйел – үйдің шы-рағы, берекесі. Өкінішке орай қазіргі таңда отау құрып, отбасы болуға жеңіл қарайтын жастар көбейді. Сәл қиындық кездесе-бірлесіп жеңудің орнына бірден ажырасуға бел буады. Ажырасу шешім емес. Оның салдары ауыр. Шаңырағы шайқалып, ажы-расып жатқан отбасылардың қай қайсысын алып қарасаңыз да, осы шешімнен зардап шегуші көп. Ол ата-анасы, өздері және балалары. Баланың қайғысы тіпті терең.

Ересек екеудің шешімі өз шаңырақтарын ғана күйретпейді, ондағы өмірге келген бейкүнә балалардың болашағына да балта шабады. Баланың бұзылған психологиясы мен оның күйреген жан дүниесін қалпына келтіру тіпті ауыр. Ерлі зайыпты мұндай қадамға бармас бұрын ең алдымен осындай жақындары алдындағы жауапкершілік пен парызын сезінуге тиіс. Бүгінгі таңда мем-лекет жас отбасыларға арналған көптеген әлеуметтік бағдарламалар қабылдап жатыр. Материалдық қиындықтарын көтерісіп, жастардың жаңа кәсіп үйренуіне, өз ша-руасын дөңгелентуіне арнайы мемлекеттік гранттар бөлуде. Мұның бәрі жас отба-сылардың аяқтан тұрып, өзінің ғана емес, мемлекеттің тірегіне айналуына жасалып жатқан мүмкіндіктер. ҚР «Неке (ерлі-зай-ыптылық) және отбасы туралы» кодексінде ерлі-зайыптының міндеттері мен құқықта-ры толық таратылып көрсетілген. Мемлекет кез келген жас отбасының бақытты ғұмыры үшін барлық игілікті шараларды, заңдық құқық, жауапкершіліктерді қарастырған. Түрлі заңдар аясына осы құқықтарды та-ратып, тоғыстырған. Қазақстанда ешбір азамат мемлекет назарынан тыс қалмайды. Ендеше, жас мемлекеттің тірегіне айналып, ондағы бақытты отбасылардың қатарын көбейтуге ұмтылу кез келген қазақстан-дықтың абыройлы борышы. Мемлекеттің гүлденуі – азаматтардың бақытты ғұмыры-ның кепілі. Демек, отбасы алдындағы, ел алдындағы жауапкершілік ортақ.

Эльмира УРУНБАСАРОВА,
Алақол аудандық сотының судьясы
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

БІР МҮДДЕ



Айман САРЫБАЙ,
Түркістан облыстық
қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының бас
маманы-сот отырысының
хатшысы

ҚАЗЫНА

Мемлекеттік тіл тәуелсіздігіміздің жырын жырлап, бұғанасын қатайтты. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің тұтас аумағында, болмаса белгілі бір аймағында заңдық мәрте-бесі мемлекеттегі басқа тілдерден ең жоғары бекітілген тіл.

Қазақ тіл арқылы өнер білімді, мәдениеттілікті, қоғам-ның белсенді азаматы болуды үйренеді. Қазір де осы мемлекеттік тілді дамытуға, халықтың мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне барлық жағдай жасалған. Әр-бір азамат мемлекеттік тілге жанашырлық пен үлкен құр-метпен қарауға тиіс. Тілдің тағдыры тұтастай бір ұлттың ғана емес, оны мекендейтін барлық өзге ұлт өкілдерінің де абыройлы міндеті. Елге, жерге құрмет танытатын барлық азамат сол елдің тілі арқылы қызметте көтеріледі, еңбек етеді, жергілікті ортамен араласады, мәдени рухани бай-ланыс, адами қарым қатынас орнатады. Тіл қажеттілікке айналғанда ғана үстем, құзырлы органдар мемлекеттік

ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ

Тоқаевтың Қазақстан халқына жолда-уында Жаңа Қазақстанның – жаңару мен жаңғыру жолы туралы жан-жақты айтты. Бұл жолдаудың мән-мағынасы терең. Мемлекет басшысы еліміздің сот жүйесі бойынша біраз мәселелерді көтерді. Сот жүйесінің берік және әділ атқарылуы қажет екендігі, қазылар қауымын шұғыл түрде іріктеп, жаңартып жасақтау керек-тігі айтылды. «Қазылар жоғары білікті, адал, сондай-ақ, жемқорлықтан таза болуы қажет. Ең алдымен, барлық судьялардың мәртебесін төменсірген жөн» – дей келе Мемлекет басшысы көптеген сот төрағасы лауазымын судья лауазымына, сот төрағасы

және Сот алқасының төрағасы лауазымы-на үміткерді судьялар өздері сайлайтын тәсіл енгізуді ұсынды. Аталған салаға мықты заңгерлерді тарту үшін материал-дық жағдай жасау қажет екендігін алға тартты. Жолдауда судья болуға үміткер-лерді дайындау, біліктілігін көтеру жұмысы кеңестің құзыретіне берілетіндігі, олардың шекті жасын ұзарту, өкілеттілігін тоқтату мәселесімен де осы мекеме айналысатын-дығы айтылды. Судьялардың қызметіне араласуды шектей отырып, олардың заң бұзғаны үшін жауапкершілігін арттыраты-нын, сот жүйесін реформалаудың мұнымен аяқталмайтынын алға тартты.

БАР ИГІЛІК БАСТАУЫ

тілде сөйлегенде ғана оның құзыреті өзгелерге өтімді. Осы ретте, соңғы жылдары сот саласы іс қағаздарының басым бөлігін мемлекеттік тілде жүргізе бастады. Барлық сот қызметкерлері мемлекеттік тілді жетік меңгерген. Мем-лекеттік мекемелерден келген хат-хабар алмасулар, ілеспе хаттар, ішкі қызмет тілі, барлық жұмыс жоспарлары, БАҚ-қа шығатын мақалалар, ұйымдастырылатын іс-шаралар толығымен мемлекеттік тілде жүзеге асырылады.

Автоматтандырылған құжат алмасу мен сот өндірісінің «Төрелік» ақпарат жүйесін мемлекеттік тілде жүргізу бірыңғай жолға қойылған.

Тілдің беделін көтеру, оның арын арлап, жоғын жоқтау, олқысын толтыру өз қолымызда, сіз бен біздің қолымызда.

ДҮРИНГАЛИЕВА,
Казталов аудандық №2 сотының
бас маманы-сот мәжілісінің хатшысы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ӨРТҮРЛІ

4. «МТУ КВАРЦ» ЖШС қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысы өткізілетіні туралы хабарлайды.

Күн тәртібінде:

1. «МТУ КВАРЦ» ЖШС мен Серіктестік директорының есепті кезеңдегі қызметінің қорытындысы туралы.
2. Серіктестік директоры мен бақылау кеңесін сайлау.
Жиналыс 2022 жылдың 4 қарашасында сағат 10.00-де Қарағанды қаласы, Орлов көшесі, 2Б мекенжайында өтеді. Қатысушыларды тіркеу сағат 9.00-де басталады. Анықтама тел.: 8(7212)420005.

6. «ПромБизнесОрал» ЖШС, БСН 210640026484, жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 10 күннің ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Қазанғап көшесі, 57В үй, н.п. 1. Тел. 87781229020.

7. «КМК-25» ЖШС, БСН 220940009467, осы арқылы өзінің «Коллекторское агентство ФА Альянс Финанс» ЖШС-не, БСН 170240023594, қосылуы арқылы өзінің қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 айдың ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Самал-1 ықшамауданы, 29 үй, А-5 кеңсесі.

8. «Коллекторское агентство ФА Альянс Финанс» ЖШС, БСН 170240023594, осы арқылы өзіне «КМК-25» ЖШС-нің, БСН 220940009467, қосылуы арқылы өзінің қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 айдың ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Самал-1 ықшамауданы, 29 үй, А-5 кеңсесі.

16. «ФДС ГРУП» ЖШС (БСН 081140002264) осы хабарландыру арқылы жарғылық капиталы 26 000 000 (жирма алты миллион) теңгеге азайғанын хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 айдың ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Самал-2 ықшамауданы, 67 үй.

17. Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтер көрсету – әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі бағыттарының бірі
Егемендік алғаннан бергі жылдар ішінде Мемлекет басшысының саясатының арқасында қоғам дамуының барлық саласында түбегейлі өзгерістер болды.
Соның ішінде мемлекеттік органдардың тиімді жүйесі мен құрылымы жасалып, мемлекетті басқарудың ұтымды үлгісі іске қосылды.
Қазіргі таңда заман талабына сай аталмыш жүйені жетілдіру қажеттілігі туып отыр. Мемлекеттік кадр саясатын қалыптастыру, халықтың мемлекеттік қызмет түрлеріне қолжетімділігін арттыру бағытында игі бастамалар жүзеге асырылуда.
Яғни, ендігі жерде мемлекеттік қызмет көрсету сапасы мемлекеттік қызметшілер жұмысы тиімділігінің басты көрсеткіші болады және ол мемлекеттік тұтынушы ретінде тікелей халыққа арналуы тиіс. Мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде халықтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтауды қамтамасыз ету белгілерінің бірі болып әкімшілік кедергілерді азайту, халыққа мемлекеттік қызметтерді көрсету тиімділігін арттыру және мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсету болып табылады.

ТАРАТУ

2. «Zell Invest» ЖШС (БСН 161040021284), ҚР, Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Международная көшесі, 73 үй, 3 пәтер, пошталық индексі 050037, мекенжайы бойынша орналасқан, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Несиенгерлердің «Zell Invest» ЖШС-не барлық талап-шағымдары, арыздары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде жоғарыда көрсетілген мекенжайда қабылданады.

3. «Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі Яблоновка ауылының бастауыш мектебі» КММ (БСН 021240004302) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Заурал ауылдық округі, Яблоновка ауылы, Аталық көшесі, құрылыс 13.

10. «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімінің Ынтымақ ауылының бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің таратылғаны туралы хабарлайды (БСН 121240017305). Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, Ерейментау қаласы, әл-Фараби көшесі, 10.

12. «Энергопроект-Холдинг» акционерлік қоғамының филиалы, БСН 000841005222, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Сейфуллин көшесі, 531 үй, 510-2 кеңсе. Тел.: 87775867797.

13. «Строй Холдинг-2005» ЖШС, БСН 050240003624, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Қарасу» ықшамауданы, Дулат Бабабайұлы көшесі, 154 үй, 4 пәтер.

15. «Navat Trade» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 211140033789, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 041300, ҚР, Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Биалал Назим көшесі, №22 ғимарат.

Сонымен қатар жер қатынастары саласында мемлекеттік қызмет көрсету бойынша бес қызмет түрі жүзеге асырылады.

Атап айтқанда:

- 1) «Жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту»;
 - 2) «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу»;
 - 3) «Жер учаскесін алу үшін кезекке қою»;
 - 4) «Іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскелерін пайдалануға рұқсат беру»;
 - 5) «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру»;
- Қазіргі қоғамда мемлекеттік қызмет қоғам өмірінде үлкен орын алады. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет сапасының деңгейі еліміздің экономикалық және әлеуметтік көрсеткіші болып табылады. Осыған байланысты көптеген шет мемлекеттер мемлекеттік қызмет көрсету сапасының жоғары болуына және осы саланың дамуына үлкен мән береді.

«Арал аудандық жер қатынастары бөлімі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Баспасөз – 2023



«Заң газеті» және «Юридическая газета», «Заң», «Фе-мида» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғымыз келеді.

Құрметті
оқырман!

Тол басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,

ҚАЛАЛАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 3638,40 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 7276,80 ТЕҢГЕ

ОБЛЫСТАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 3844,80 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 7689,60 ТЕҢГЕ

заңды тұлғалар үшін – 15921

ҚАЛАЛАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4538,40 ТЕҢГЕ , 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9076,80 ТЕҢГЕ

ОБЛЫСТАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4744,80 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9489,60 ТЕҢГЕ

✉ zanreklama@mail.ru

Жамбыл облысының Судьялар қауымдастығы және ардагерлері әріптесіміз Жамбыл облыстық көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы Думан Болатұлы Мәуленовке анасы
Мамашбаева Шолпан Мамашбайқызының
қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Қазақстан Республикасы Судьялар одағының орталық кеңесі Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының отставкадағы судьясы
Елемесов Мағауия Құсайынұлының
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының басшылығы, судьялары мен аппараты Қостанай облыстық сотының төрағасы Анатолий Сергеевич Смолинге інісі
Борис Сергеевич Смолиннің
қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Астана қаласы сотының ұжымы сот жүйесінің ардагері
Елемесов Мағауия Құсайынұлының
өмірден озуына байланысты туған-туыстарына орны толмас қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА
БӨЛІМІ:

Алматы қаласы

Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:

zanreklama@mail.ru

zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН
ОРЫНДАР:

ЖК «Кандыбаева», Газеттерге, журнал-дарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73
www.gazetysaiity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru
Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даң-ғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарланды-руды What’s app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көше-сі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), ди-ректоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шым-кент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл кө-шесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхамет-ханов көшесі, 23 «А»,104-бөлме.

Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай кө-шесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Пе-тропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ.,Желтоқсан көшесі,18. Әділет Де-партаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қос-танай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы),Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ.,Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. argawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ.,ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызыл-орда қ., Әйтеке би көшесі,28-үй, 1-қабат. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді кө-шесі 158 а, ЖҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қа-зақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА!

Көршілер тағы да шу шығарды. Тыныштық орнап тұрған аула бір сәтте азан-қазан болды. Адамдар әлденені қоршап алыпты. Дауыстары қатты шығады. Бәрі ашулы күйде. Балалардың кетуін талап етіп жатыр.

Терезеден қарап тұрған Маржанның іші қылп ете қалды. Бірденені сезгендей, жүрегі аузына тығылды. Таяғына сүйеніп, баяу жүрісімен үйден шықты. Аяғының ауыратыны бар еді, баспалдақтан түскен сайын сыздатып барады. Сонда да сылтып басып, адамдар жиналған жерге жетті.

Маржанды көріп, көршілер жол берді. Қаумалаған жұрттың арасынан баласын көрген ананың жүрегі эзіліп кетті. Көз жасы ыршып түсті. Қу жалғызы тағы да мысықтың ішін жарып, мүшелерін бөлшектеп тастапты. Онсыз да аурудан көз ашпай жүрген жарымжан жанның тынысы тарылғандай болды. Жиналғандар: «Балаң бұзық, органдарға хабарлаймыз. Осымен екінші рет! Не сұмдық!» – десіп жатыр.

Маржан ағыл-тегіл жылап, көршілеріне жалынды. Кешірім сұрап, енді қайталанбайтынын, баласын қадағалайтынын айтты. Жалғызбасты ананы аяды ма, жиналғандардың екпіні басылды. Дегенмен, ойын баласының мұндай қылығынан шошынып, бас шайқасты.

Содан бері көп уақыт өткен. Көршілер Маржанмен араласуды қойды. Оқиға мектепке де жетіп, баланың жүріс-тұрысы қатаң бақылауға алынды.

Маржан күйеуі екеуі саудамен айналысып, шаруаларын дөңгелетіп жүрген еді. Сауданың аты сауда ғой, бірде бар, бірде жоқ. Бір күні қатты тарығып, қаладағы аты шыққан процентщиктерден қарыз алуға тура келді. Барлық бәле содан басталды. Межелі уақытта қарызын қайтара алмады. Процентщиктер адам аямайтын қанішерлер болып шықты. Маржанның үйіне баса көктеп кіріп, күйеуінің мойын тұсынан пышақпен аяусыз соққылап, өзін аяғынан жаралы етіп кетті. Бәрі баланың көз алдында болған. Әкесінің қанға тұншығып өліп бара жатқанын, анасының қансырап жылағанын сәби жүрек көрген еді.

Күйеуі қайтыс болып, аяғынан ауыр жарақат алған Маржан мүгедек болып қалды. Кейіннен әуірімдеп жүріп, таяқпен жүретін жағдайға жетті.

Өз-өзімен алысып жүргенде, Маржан баласының бойындағы өзгерісті байқамапты. Алғашында шыбын-шіркейлерді қуып жүріп, өлтіріп, жинап көметін. Өсе келе, құрт-қоңыз, кесіртке дегендерге жаудай тиіп, бөтелкенің сынықтарымен турап тастайтынды шығарды. Шырылдап жүріп, ол әдетін де қойдырған еді.

Енді өсе келе, мысықтарды бауыздап, мүшелерін бөлшектеп қоятынды шығарыпты. Мұндай жағдай екі рет қайталанды. Жазығы жоқ жануарды сойып, жалаң қолымен қалай ішін ақтарған?! Бала жүрегі ештеңеден қорықпаған ба?!

Осындай ойлармен Маржан әр күнін арпалыспен өткізетін еді. Сөйтіп жүргенде, уақыт зымырап өте шықты.

Маржанның баласы мектепті бітіріп, медицина саласына оқуға түсті. Байғұс ана бұл мамандықты өзі таңдады. Жалғзын жамандыққа қисын ба?! Баласының елді дүрліктірген әрекеттерін қызығушылыққа балап, жаксы хирург шығады деп топшылады.



БӨЛШЕКТЕЛГЕН ӨМІР

Баланың аты Мұрат еді. Тұйықтау. Ешкіммен араласа қоймайды. Сабак үлгерімі орташалау болса да, адам ағзаларын зерттеуге ерекше қызығушылық танытатын. Оқу барысында бірнеше рет моргке де барып, мүрделерді өз көзімен көрді. Сосын оқытушыларға ыңғайсыз сұрақтар қойып, шошытып қоятын. Дегенмен, оған ешкім аса мән бере қоймады.

Курстан курсқа өтіп, адамның ішкі органдарын терең зерттеген сайын Мұрат біртүрлі бола бастады. «Адамның жаны шығып жатқанда, дауысы қандай болады?», «Адам қанша уақытта өліп болады?» – деген сұрықсыз сұрақтар ойында жүретін. Одан үйге келіп, интернетті ақтарады. Түрлі шетелдік ақпараттарды оқиды. Сөйтіп, түн жарымында сансыз ойларға көміліп ұйықтап кететін.

Мұрат пен Айжан көрші тұрады. Екеуі бір топта оқиды. Сабакқа бірге барып, бірге қайтады. Ешкімге ашыла қоймайтын Мұрат Айжанмен ғана тіл табысқан. Түрлі тақырыпта сөйлеседі. Әңгіме арасында Мұрат өзін мазалаған сұрақтарды оған да қоятын. Ондайда елгезек, ақкөңіл Айжан: «Өй, жынды, сенің де ойламайтының жоқ екен...» – деп қоя салатын.

Уақыт өте келе Мұрат пен Айжанның достығы махаббатқа ұласты. Жігіт қыздың жүрегін жаулауға тырысты. Романтикалық қадамдар жасады. Санасын жаулаған жағымсыз ойлардан арылып, бар көңілін сүйіктісіне арнады. Ата-анасынан жырақта жүрген Айжан да Мұраттан ерекше қамқорлықты сезінді. Жүрегі жылынып, сезімі оянды.

8 наурыз мерекесі жақындап қалған. Екеуі бұл күнді бірге атап өтеміз деп келісті. Межелі уақытта қала орталығындағы үйлердің бірінен пәтер жалдап алды. Жинап жүрген ақшаларын қосты да, дастарқанды жайнатып жіберді. Қызыл шарап

та әкелінді. Бір демалғанымыз болсыншы дегендей, екеуі бұл кешке барынша дайындалды. Тамақтанып, шараптан алып отырды. Қызу әңгіме айтылды. Мұрат жүгіріп барып, дүкеннен тағы бір-екі бөтелке шарап алып келді. Екеуі ішімдіктің буына әбден түсті.

Айжан басы айналып жаға кетті. Өмір керемет болып сезілді. Мұрат та аяғынан әзер тұр. Диван үстінде жатқан сүйіктісіне қарады. Жібек көйлектің ішінен қыздың сұлу мүсіні анық көрініп тұр. Қолаң шашы жастыққа төгіліп, еріндері дірілдеп, әлденені айтып жатқандай. Бұл көрініс Мұраттың басын айналдырды. Күнде қасында жүрген қыздың әдемілігін бүгін ғана көргендей болды.

Мұрат Айжанның көйлегінің тұймелерін асығыс шешіп, омырауынан, еріндерінен сүйе бастады. Алқынып, құшырлана сүйіп жатыр. Токтар емес. Алғашында қыз еш қарсыласпады. Күлімдеп, талықсып жатты. Бейне бір өзіне де ұнап жатқандай. Мұрат қыздың етегін көтере бастады. Осы сәтте Айжан есін жинап алды. «И-и, Мұрат, не істеп жатырсың?! Сен маған тиіспеймін деп уәде бердің ғой...» – деп тартына бастады. Алайда, Мұрат қояр емес. Қыз барынша қарсыласты. Әлі келмеген соң, айғайлай бастады. Мұрат дереу бір қолымен қыздың мойнынан ұстап, екінші қолымен ернін басты. Дауысы көршілерге естілмесін дегендей, бар күшімен қаттырақ қысты. Айжан болса, қолымен Мұратты ұрғылап, берілмеуге тырысты. Дәл осылай арпалысқан күйі екеуінің қанша уақыт жатқаны белгісіз.

Шақырайған күн Мұраттың бетіне түсті. Көзін ашқысы келмей, теріс қарап жатып алды. Сәлден соң, есіне бірдеңе сап ете түскендей, көзін қайта ашты. Түсініксіз күйде. Қараса,

Айжанның үстінде жатыр. Жәйлап орнынан тұрды. Қыздың бетінен си-пап, ернінен сүйді. Әрі-бері түртіп, оятып көріп еді. Сүйіктісінің қозғалар түрі жоқ. Іші қылп ете қалды. Дерету тамырын ұстап, жүрек қағысын тыңдап көрді. Шошып кетті. Айжанның жүрегі соқпайды. Басын ұстаған күйі отыра кетті. Аяқ-қолы дірілдеді. Кешегі кеште шараптың буымен сүйіктісін тұншықтырып өлтіріп алғанын түсінді.

Мұраттың жан дүниесі астаң-кестең. Уақыт тоқтап қалғандай көрінді. Не істерін білмеді. Орнынан тұрды да, басы айналған күйі кешегіден қалған шарапты тартып жіберді. Бұған дейін де адам өліміне қатысты ақпараттарды көп іздейтін еді. Үйреніп қалған қолымен асығыс іздеу тетігіне «Мәйіттен қалай құтылуға болады?» деп жазды. Көп күттірмей мүрдеден құтылатын жолдарды көрсететін сан түрлі ақпараттар атып шықты. Мұрат терең дем алып, өзіне сай келетін нұсқаны іздегендей болды. Әрі-бері қарап, ақыры, керегін тапқан сияқты. Көзін алмай оқи бастады...

Кенет бірденеден күш алғандай, орнынан атып тұрды. Асханадан пышақ, қайшы, балға сияқты заттарды тауып алды. Айжанға жақындап келіп, төгіліп жатқан қолаң шашын қия бастады. Сосын тырнақтарын кесті. Адам өлімін күнде көріп жүргендей, өзін салмақты ұстады. Бағанағы қорқынышы мен дірілі басылған. Еш

саспады. Содан бері арада бір апта уақыт өтті. Хабарсыз кеткен қызды ата-анасы, оқытушылары мен достары шарқ ұрып іздеді. Мұратты да таппады. Жастардың жоғалғаны туралы хабар бүкіл қалаға тарады.

Іздеу жұмыстарының нәтижесінде, Мұрат қала шетіндегі ескі үйлердің бірінде ұйықтап жатқан жерінен ұсталды. Сақалы өсіп, түрі қашып кеткен. Қолы күстенген. Киімдерінен қан іздері байқалады. Полиция қызметкерлерін көрген Мұрат: «Мен оның етін жеген жоқпын... жеген жоқпын...» – дей берді.

Тергеу барысында Мұрат өзін өте байсалды ұстады. Болған жағдайды түгелдей баяндады. Кінәсін мойындады. Тергеушілермен бірге, Айжан екеуі жалдаған пәтерге келді. Сол жерде оқиғаның жәй-жапсарын айтып, барлығын көрсетіп берді.

Мұрат сүйіктісін өлтіріп алғанын түсінгеннен кейін, қылмыстың ізін жасыру үшін ғаламтордан оқығаны бойынша алдымен қыздың басын, аяқтары мен қолдарын кесіп алады. Терісін етінен ажыратып, тістерін сындырып, саусақтарын турап тас-

тайды. Сосын оларды суға салып, ұзақ қайнатады. Біраз уақыттан кейін қыздың дене бөліктерінен тек сүйектері ғана қалады. Мұрат оның барлығын бірнеше пакетке бөліп салып, қаланың әр жерінде орналасқан коқыс жәшіктеріне апарып тастайды. Сөйтіп, бөлшектеліп қалған мүрдені ешкім тауып ала қоймас деп ойлайды. Алайда, ойы қате болып шықты. Полиция қызметкерлері бейкүнә қыздың сүйектерін қаланың әр түкпірінен тауып жатты...

Ұнатып жүрген қызын өлтіріп, денесін аяусыз қорлап, суға қайнатқан Мұраттың қылмысы қаланы дүрліктірді. Жұрт жағасын ұстады. Бауыр еті баласының мұндай жауыздығын естіген Маржан есін жимастан, тіл тартпай өмірден өтті.

Қылмыстық іске тіркелген құжаттардың бірінде Мұраттың психологиясы бала күнінде бұзылғаны, содан қанға құмарлығы пайда болғаны, қыздың денесін асықпай бөлшектегені, суға қайнатып, сүйектерін коқысқа апарғанда да өзін сабырлы ұстағаны, мұндай қылмысты жасауға саналы түрде дайын болғаны көрсетілді.

Үкім оқылып, 25 жылға сотты болған Мұрат айналасына түсініксіз көзбен қарап тұрды. Кішкентай күнінде әкесінің қанға тұншығып өліп бара жатқанын көрген сәби жүрегі адам өлтіру қалыпты жағдай деп қабылдап қалған еді...

Сот отырысынан кейін психолог: «Баланың жүрегін кішкентай күнінен таза сақтау керек. Қатыгездікті, жауыздықты көрсетуге болмайды. Олар бәрін тез қабылдап, жаттап алады. Санасында қалып қояды. Психологиясы бұзылады. Балалық сезімі жоғалады. Сол себептен, жүректі сақтаңыздар...» – деп сұхбат беріп жатты.

Нүргүл НҰРБАЙҚЫЗЫ,
Қызылорда облысы
Байқоңыр қалалық сотының
бас маманы.

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали
Алматы облысы	8 707 851 91 13.
Ақтөбе облысы	Нұрбол Әлдібаев
Атырау облысы	8 701 357 66 84.
Маңғыстау облысы	Жансая Есмағанбетова
Қызылорда облысы	8 705 398 62 83.
Түркістан облысы	Боранбай Ғалиев
	8 775 543 03 80.
	Жазира Әбіл
	8 702 514 54 44.
	Гүлбану Мақажан
	8 701 697 39 86.
	Сейітхан Құлмаханбетов
	8 707 721 19 59.
	Шадияр Мекенбайұлы
	87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов
	8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5527 дана
Апталық таралым 11 054 дана

Тапсырыс №146 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31